

# П И О Н Е Р

КОММУНИЗМА



Июнь

1951 ЖЫЛ  
АЛМАТЫ

№ 6



## КОМСОМОЛГА

Сапта нығыз партиямен бір басқан  
Улы Ленин ұрпақтары — серлігім,  
Жаңа өмірдің нурлы есігін бірге ашқан  
Өз есінен шығарады сені кім?!

Құрыш дене, әжімсіз сау бетіңді —  
Нұрға малған көзіңдегі жалының,  
Өз кескіні, өз жүрегі секілді  
Отанымда мыңдаған жас, кәрінің.

Қарт большевик саған қарап қуанар,  
Өміріңнің жалғасы деп өлмейтін,  
Бала менен жас біткендер қуанар  
Осы менің бағытым деп өрлейтін.

Комсомолым, жас қайраты елімнің  
Коммунизм жырын көкке шырқаған,  
Мандайыңнан көрем қолын Лениннің,  
„Өс, ұрпағым!“ деп әкеңдей сыйпаған.

Сен барасың аяғыңды нық басып  
Құрыш-болат партияның сапында,  
Тұр алдында коммунизм нұр шашып,  
Комсомолым,

тез,  
екпінде, адымда!

Адымда алға,  
Табыстардың шыңына, —  
Партияның ұлы туын жамылып,  
Тез жетейік коммунизм жылына,  
Бізді күткен алдымызда сағынып.

Қара жүрек Уолл-стрит жөндеті  
Атомдарын бөлбеуіне қыстырып,  
Тағы қанмен боялсын деп жер беті  
Айналып жүр Европаны ыңқырып.

Кореяға ойран салды, алам деп  
Жерін, елін, байлығы мен қаласын,  
Ер халықты құлдығына салам деп,  
Өртеп жатыр адамдарын, даласын...

Қарсы тұрар бар адамзат саналы  
Долларына қан тілеген батыстың.  
Өрге баспас, өріс таппас қадамы,  
Талқан болар трумәндері АҚШ-тың!

Қандай жақсы қандай сұлу көрікті  
Біздің елдің бейбітшілік көктемі!  
Шат тұрмыста совет елі ерікті,  
Күндей күшті — коммунизм мектебі.

Отаныма, еліме ұқсас кескінің —  
Әр қашан жас, әрі айбынды, қайратты,  
Комсомолым — бесігімсің менің де,  
Желбіреткен алда қызыл байрақты.

Адымда алға,  
табыстардың шыңына,  
Партияның ұлы туын жамылып,  
Тез жетейік коммунизм жылына,  
Бізді күткен алдымызда сағынып.

Жунағали САИИ.



# ПИОНЕР

№ 6

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің  
айына бір рет шығатын балалар журналы

И Ю Н Ъ

1951 жыл

*Шығуына 13-жыл.*



*Иосиф Виссарионович СТАЛИН*

# БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА ҚЫЯНАТ ЖАСАТПАЙМЫЗ

Біз жуырда ғана май мерекесін мейрамдадық. Бұл қандай қызық думан десеңші! Желбіреген қырмызы қызыл тулар қалаларды, селоларды, колхоздарды көріктендіре, шаттандыра түсті. Балалар, сендер де осы күні көп қызыққа баттындар. Көпшілігің мектеп жанына жыйналып кеменгер көсемдеріміздің, ұлы адамдардың суреттерін, ұрандарды, құшақ-құшақ гүлдерді көтеріп сап түзедіндер. Жас, сыңғыр дауыстарынды еркін шырқап ән салдыңдар. Әндете, күле жүріп айналадағы барлық халықтың жүзінен шаттықтың, қуаныштың белгісін көрдіңдер. Табиғаты да, адамы да күле жайнап тұрған бұл күн созыла түссе екен, деп іштеріңнен қыймастық сезім де білдірдіңдер...

Сол мейрам күні көптің аузынан бір сөз өте жиі естілді.

— Бейбітшілікті берік сақтаймыз! Бүгінгі қуанышымыз бейбітшіліктің арқасы! Соғысқа жол бермейміз! Соғыс құмарлардың: ағылшын-американ империалистерінің арам ниетіне жол бермейміз, деген ұрандар көтерілді.



Иоганнесбург қаласының (Оңтүстік Африка Одағы) шет жағында негрлерге арналған лагерь бар. Ол тікен сыммен қоршалған. Бұл лагерьге 60 мың негр қамалған. Мынау тордың аржағынан қарап тұрған сондағы бір негрдің үш жасар қызы.

Жыйын болған үлкен алаңдарда балалар зор үміт сезімімен ақ кептерлер ұшырды. Міне, осылардың бәрінің мәні бір мақсатқа, бір ғана тілекке бағытталған еді. Ол — бейбітшілік!

Рас, адамзатқа, тіршілікке ең керекті бейбітшілік. Неге олай?

Ол үшін сол кешегі мереке күнін тағы еске алайық. Қуанышты күні қолына ту ұстап әндете көшеге шыққандардың ішінде көп жастар бола алмады. Бұл күні Қызыл Алаңнан өткен сан мың жанның ішінен Зоя, Шура Космодемьянскийлерді анасы көре алған жоқ. Жас гвардияшылар — Ульяна Громова мен Люба Шевцова да, Сережа Тюлений мен Олег Кошевой да, қазақстандық қаһарман ұрпақтар — Төлеген Тоқтаров пен Мәншүк Мәметова да мейрам да болған жоқ. Бұл сүйікті құрбыларымызды кешегі соғыс қыршынынан қыйып кетті.


Ол соғыс жер шарындағы талай мың жанның қанын төкті, талай ананы жесір, талай баланы жетім қалдырды. Көп қаланы, заводты, үйді қыйратты, егінді, малды құртты. Зұлым фашистер бастаған соғысты Совет Одағының батыр халқы ғана жеңіп тоқтатты. Ол өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін ғана емес, Европаның, Азияның көп елдерін құлдықтан аман алып қалды. Міне, бүгінгі тыныш, бейбіт өмір осының арқасында орнады.

Сол соғыс өртінің сөнгеніне 6 жыл болды. Осы жылдар ішінде дүние сипаты екі түрлі жолмен өзгерді.

Бізде, соғыс салған жарақат сауығып өмір бұрынғыдан да гүлдене, жайнай, көңілдене түсті. Дүние жүзіндегі ең бай, ең шат өмір тек біздің елде ғана. Еліміз бұл күндері коммунизмнің ұлы құрылыстарын қолға алып ұланбайтақ кең даланы дариялы, шұрайлы мекенге айналдыруға жұмылды. Сталинград, Қуйбышев, Қаховка су электр станциялары, Түркменнің Бас каналы, Оңтүстік-Украина, Солтүстік-Қырым каналдары — Совет Одағында бейбіт өмірді гүлдене беруге бағытталған құрылыстар.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бостандық алған елдер де социализм жолына түсіп жедел дамып келеді.

Бірақ, империалистік америка бастаған капиталистік елдер соғыстан кейін халықты ауыртпалыққа ұшыратты. Американы билеп-



төстеуші аттөбеліндей ірі капиталистер қайта соғысқа әзірлену әрекетіне кірісті. Олар атом бомбаларын, танктерді, зеңбіректерді, самолеттерді көп шығаруға асықты. Жұмыссыз жүрген еңбекшілерді айуандықпен қуып шығып бет алды тентіретті. Ол зұлымдар, бүгін солдаттарын айдап салып, бейбітшілік сүйгіш Корея халқының қанын жазықсыз төгіп отыр.

Калифорнияда (Америка) О. Бриен деген еңбекші адам болды. Ол қарулы, он саусағынан өнері тамған жан еді. Солай болса да, жұмыссыз қалды. Шнеттей жас төрт баласын, әйелін асырау үшін ол ойды да, қырды да көп кезді. Бірақ, түк шықпады. Жұмыс табылмады.

Балалары аштан өлуге жақындады. О. Бриен басқа ылажы болмаған соң II жасар Шерли деген қызын базарға сатуға алып шықты. Оның қызын Гловер дейтін капиталист бес доллар және үш галлон бензинге сатып алды. Бриен жас баласын ақырғы рет қысып сүйді де, көзінен ыстық жасын сығып кете берді. Бұл быйыл — осы 1951 жылы болған оқыйға. Мұны Американың «Нью-Йорк Таймс» газетінің өзі жасырмай жазды. Себебі балаларды сату Америкада әдетке айналған.

Америка соғысқұмарлары өзгенің бәрін жыйып қойып соғыс әзірлігін жүргізіп жатыр. Оның себебі капиталистер жұмыссыздардан тек соғыс болса ғана кұтыла алады, өзінің байлығын сол соғыс уақытында көбейтеді. Капиталистер соғыс әзірлігіне бюджетінің 71 процентін жұмсайды да, ал, оқу, денсаулық сақтау ісіне оның 2 проценті шамасында ғана қаражат босатты. Міне, Америкадағы және онымен сыбайлас капиталистік елдердегі халықтың, әсіресе балалардың халі осындай ауыр.

Бірақ, халық капиталистердің зұлым ойын түсінді. Сол себепті дүние жүзінің түкпір-



Алматыдағы 37-мектептің 5 «б» класының бір топ оқушысы соңғы емтиханды жақсы, өте жақсы тапсырып, қуаныштары қойындарына сипай, үйлеріне қайтып бара жатыр. Енді олар көңілді дем алмақ.

түкпірінен бейбітшілікті жақтаған күшті дүбір естіледі. Әр елдің ересек адамдары, жастары, әйелдері өз алдарына топ біріктіріп бейбітшілік туын көтереді. Жер шарындағы барлық ана бірігіп балалар өмірін, денсаулығын сақтау және оқу праволарын қорғауға бекінді. Олар 1 июнді — балаларды қорғаудың халықаралық күні етіп белгіледі. Бұл күн белгіленгеннен бергі үш жыл ішінде 37 елде балаларды қорғау комитеті құрылды. Бұл ұйымдар бейбітшілікті жақтаушылар ісіне көп жәрдем көрсетіп келеді. Осының бәрі балғын балалық шаққа қыянат еткізбеудің әрекеті.

Балалар, кемеңгер әкеміз Сталин сендердің бейбіт өмірде бақытты болып өсулеріңе үнемі қамқорлық жасайды. Сендер аталық қамқорлыққа жақсы оқумен, саналы тәртіппен, үлгілі іспен, Ленин — Сталин ісіне әрқашан дайын болумен жауап беруге тиістісіңдер. Міне, сонда ғана сендер бейбітшілік жолындағы белсенді күресшілер боласыңдар. Сонда ғана капиталистік елдердегі әлі бақытқа қолы жетпеген, өздеріндей балалардың бостандыққа жетуіне көмектесесіңдер. Сонда ғана берік бейбітшілік салтанат құрады.

## ЖАРТАСТАҒЫ ЖАЗУ

Рио де Жанейронның нақ қасында,  
Әйгілі, аспан зәулім жартасына  
Жазыпты Сталиннің атын біреу,  
Қою түн, хауіп-қатер ортасында.

Таңертең полицейлер көріп қалып,  
Жүгірді тасқа өрмелей өліп-талып.  
Шыға алмай, тыйықтап күр тұрды аңырып:  
— Тіреу боп жазған ба деп, барлық халық?

Ашумен жарылғалы тұр полицей,  
— Апыр-ау, қала ма деп мынау өшпей?  
Өшпеске оның меңгі жазылғанын  
Тек анау үнсіз халық біледі іштей.

Мойымас берік, биік ол қашанда,  
Сақтайды сырын терең, шолмас манға.  
Құзға ұқсас қыйындағы жүректерін  
Аңғартып кетеді естіп анда-санда.

Г. ОРМАНОВ.



# КОМСОМОЛ ДӘСТҮРІ

Мәлік АБДУЛЛИН,

Совет Одағының Батыры, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты.

Біздің сүйікті атамыз, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдас былай дейді: «Жастар біздің келешегіміз, біздің үмітіміз, жолдастар. Жастар біздің қарттардың орнын басуға тиіс. Жастар біздің туымызды жеңіп шыққанға дейін ұстап баруға тиіс».

Бүкіл совет жастары және оның алдыңғы саптағы айбынды отряды Ленин — Сталин комсомолы ұлы көсемнің, партия мен үкметтің сенімін, үмітін өзінің адал ісімен ақтап келеді. Совет жастары, комсомолецтер большевиктік партияның сенімді жәрдемшісі екендігін іс жүзінде көрсете білді. Большевиктік партияның тәрбиесін алып өскен Ленин — Сталин комсомолы социалистік Отан үшін, сәулетті советтік өмір үшін күресудің тамаша үлгілерін көрсетті. Бұл жолда Ленин — Сталин комсомолының үлгілі істері бүкіл совет жастарының даңқты дәстүріне айналды.

Ленин — Сталин комсомолының ең негізгі дәстүрі — социалистік Отанға, совет халқына, партиямыз бен үкметімізге және ардақты атамыз Сталин жолдасқа адал қызмет ету, олардың үміті мен сенімін нақтылы іс жүзінде ақтау.

Бұл дәстүрін комсомол іс жүзінде ерлікпен дамытып келгені мәлім. Ленин — Сталин комсомолының совет үкметінен төрт рет ең жоғарғы награда алуы осының айғағы.

Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында 1917-жылы Россияның жұмысшы табы мен еңбекші шаруалары совет өкметін орнатты. Еңбекші халық ғасырлар бойына созылған құлдық бұғаудың быт-шытын шығарып талқандады да, жаңа өмір, советтік өмір құру ісіне кірісті. Бірақ, ол кезде жас совет өкметін қоршаған ішкі және сыртқы жаулар көп еді. Оларға қарсы еңбекші халық күреске шықты, жұмысшылар, шаруалар, солдаттар қолдарына қару алып өз өкметін, совет өкметін қорғауға аттанды. Міне, сол күрес күндерінде ұйымдасқан жастар тобы, комсомолецтер де совет өкметін қорғаушылардың қатарына қосылды. Күрес майдандарында олар тамаша ерліктер

жасады, совет үкметін, еңбекші халқын сүйетіндігін нақтылы ісімен көрсетті.

Үкметіміз совет мемлекеті үшін күресте, азамат соғысы жылдарында жасаған тамаша ерлік істерін аса жоғары бағалап, 1928 жылы комсомолды Қызыл Ту орденімен наградтады.

Большевиктер партиясы бастаған совет халқы ішкі және сыртқы қас жауларды талқандап жеңіп шығып социалистік Отанның күш-қуатын, шаруашылығын нығайту ісіне кірісті. Данышпан көсеміміз Сталин жолдастың басшылығымен халық шаруашылығын өркендетудің алғашқы бесжылдық жоспары жасалды. Бұл бесжылдық жоспарды бүкіл халқымыз аса қуанышпен қарсы алып, оны жүзеге асыру, орындау ісіне жұмылды.

Ленин — Сталин комсомолы бесжылдық жоспарды орындау үшін күресушілердің алдыңғы қатарында болды. Өндіріс орындарында, заводтар мен фабрикаларда, шахталар мен рудниктерде, ауылшаруашылығында құрылған екпінді бригадалар тобында комсомол-жастар игілікті жұмыс үлгісін көрсетті. Комсомолецтер социалистік жарыстың ұраншысы, жаршысы болды. Советтік Отанды нығайту, өркендету жолында жан-тәнімен аянбай қызмет атқарды. Олар өзінің халқын, Отанын сүйетіндігін ісімен дәлелдеді.

Біздің үкметіміз Ленин — Сталин комсомолының сталиндік бірінші бесжылдықты орындау жолындағы тамаша ерлік еңбектерін аса жоғары бағалап, комсомолды Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Бұл комсомолдың алған екінші ордені еді.

Ленин — Сталин комсомолы социалистік құрылыстың барлық саласына белсене қатынасып отырды. Ол еңбек майданында ғана ер атанған жоқ. Сонымен қатар, ол социалистік Отанды қорғау ісінде де тамаша ерліктер жасады.

Социалистік Отанды қорғау — әрбір совет азаматының ардақты борышы, қасиетті міндеті екенін Ленин — Сталин комсомолы кешегі ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің патриот-

тық істерімен көрсете білді. Сүйікті Отанымызды неміс фашистерден қорғауға аттанған совет жауынгерлерінің алдыңғы қатарында комсомолецтердің басым көпшілігі қолдарына қару алып Отан соғысының майданына, жауға қарсы күреске аттанды, қалғандары еңбек майданына араласты.

Социалистік Отан алдындағы ардақты міндетін соғыс жылдарында аброймен орындап шыққаны үшін, басқыншы жауға қарсы күреске белсене қатысып, бұл жолда тамаша ерліктер жасараны үшін біздің үкметіміз Ленин — Сталин комсомолын 1945 жылы Ленин орденімен наградтады. Бұл комсомолдың алған үшінші ордені еді.

Совет халқы ұлы Отан соғысын жеңіспен, қас жауларды талқандап жеңумен аяқтады. Соғыстан кейінгі жылдың өзінде-ақ совет халқы көсеміміз Сталин жолдастың басшылығымен

жасалған жаңа бесжылдық жоспарды, ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны бұдан былай да дамытып өркендете берудің бесжылдық жоспарын қабылдады. Бүкіл еліміздің еңбекшілері жаңа бесжылдықтың жоспарын зор қуанышпен қарсы алып, оны асыра орындау ісіне кірісті. Бұл секілді бүкіл халықтық іске комсомол белсене қатынасып, бесжылдық жоспарды асыра орындаушылардың алдыңғы қатарында болды, еңбек үлгісін көрсетті.

Совет халықтарының игілігі үшін жасалған соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарды орындау кезінде, 1948 жылы, Ленин — Сталин комсомолының отыз жылдық мүшелін бүкіл еліміз мерекелеп өткізді. Ленин — Сталин комсомолының отыз жасқа толуына байланысты біздің үкметіміз комсомолды еліміздің ең жоғарғы награды — Ленин орденімен наградта-



Ақмола қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектебінің 7 класындағы оқушылар сабақты быйыл жақсы оқыды. Олар жуырда комсомол қатарына өтті.

Суретте: 7 кластың комсомолецтері 2-класқа жаңадан ұйымдасқан пионер отрядіне бұрынғы өз отрядінің жалауын тапсырып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ды. Бұл ордені Ленин комсомолы жастарға коммунистік тәрбие беру ісінде және социалистік құрылысқа белсене қатысуда Отан алдында жасаған айрықша еңбектері үшін алған еді. Бұл Ленин — Сталин комсомолының үкметімізден алған төртінші ордені болатын.

Ленин — Сталин комсомолының совет үкметінен төрт рет орден алуы — комсомолдың социалистік Отанға, өзінің халқына, большевиктер партиясына және ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа адал қызмет еткендігін дәлелдейді.

Комсомолдың ең негізгі дәстүрі — совет халқына, социалистік Отанға, ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа адал қызмет ету, дейміз. Ал, бұл секілді салтқа айналған тамаша дәстүрдің бірнеше түрлері бар. Мәселен: патриоттық, ұйымшылдық, тәртіптілік, ерлік-батырлық, жолдастық-достық, жаңалыққа ұмтылушылық, шыдамдылық, қырағылық, қайсарлық, үрейленбеушілік, жауға мейрімсіз болушылық, досына қамқоршылық, жанқиярлық, табандылық, қойған мақсатқа жетушілік тағы басқалары комсомолдың бойына сіңген ең жақсы дәстүрге айналған қасиеті болып табылады. Бұл аталғандардың бәріне Ленин — Сталин комсомолының өмірінен тамаша мысалдар келтіруге болады. Біз бір, екі ғана мысал келтірелік.


Комсомолдың бойына сіңген тамаша қасиетінің бірі — патриоттық, дедік. Патриот деп өзінің Отанын жан-тәнімен сүйген адамды, Отаны үшін ұлы істер жасайтын адамды айтамыз. Патриот адам, Отанын, халқын сүйген адам қандай кезде болса да аса тамаша ерлік жасай алады. Бұған мысал етіп бүкіл совет жастарына үлгі болған Совет Одағының батырлары Александр Матросовтың, Юрий Смирновтың, Әлия Молдағұлованың, Олег Кошевойдың, Ізғұтты Айтықовтың, Төлеген Тоқтаровтың ұлы Отан соғысы майдандарында жасаған ерлік істерін алуға болады. Александр Матросов соғыстың аса бір қыйын кезінде, жау әскерлеріне қарсы ұрыста тамаша ерлік жасады. Ол мықты қорғаныс шебіне беркініп алған жауды талқандау үшін өзінің жолдастарына жол салды, жаудың оқ төгіп тұрған пулеметін өз денесімен жапты да, фашистердің үнін өшірді. Өзінің жас өмірін ұлы іс үшін құрбан етті. Болмаса, Төлеген Тоқтаровтың ерлігін алайық. Біздің әскерлер Н. деревнясын жау қолынан тартып алды. Жау бұл деревняны бергісі келмей қатты соғыс ашты. Сол соғыста Төлеген ауыр жараланды. Бірақ, Төлеген жарасының ауырлығына қарамастан, соңғы күшін жыйып алды да, шабуыл жасап келе жатқан фашистердің то-

бына атой салды, «Отан үшін! Сталин үшін!» деп жігерлене соғысты.

Совет жастарының бойына сіңген, дәстүрге айналған қасиетінің бірі — жаңалыққа ұмтылушылық, табысқа жетушілік, дейміз. Әрине, жаңалыққа ұмтылушылық совет жастарының жеке қарабасының мүддесінен тумайды. Ол Отан мүддесінен туады. Отаны, халқы үшін адал еңбек етем деген адам ғана жаңалыққа, алға ұмтылады. Мысалға Социалистік Еңбек Ері мен Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алған жастардың ісін алайық. Өткен жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының қызметкері, жас ғалым Әндіжан Есенжолов жолдасқа халық шаруашылығы үшін аса маңызы бар асыл тұқымды архар-меринос қойының жаңа түрін өсірудегі үздік еңбегі үшін Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. Әрине, Әндіжан бұл атаққа бірден жеткен жоқ. Ол алдына қойған мақсатына жету үшін көп еңбек сіңірді, кездескен қыйыншылықтарға бой бермеді, күресті. Ғылыми еңбегінің нәтижелі болатынына көзі жетті. Ақырында жас ғалымның еңбегі игілікті болып шықты. Немесе, Социалистік Еңбек Ері Битай Тәтенованың (Т-Қорған облысы) қант қызылшасын өсіру жолындағы тамаша табысын алайық. Ол өткен жылы бір гектар жерден 1906 центнер қант қызылшасын алды. Битай да бұл табысқа бірден жете алған жоқ. Ол көп іздену, оқу-үйрену, басқалардан үлгі алу, қажымай еңбек ету нәтижесінде дүниежүзілік рекорд жасады.

Өмірі шат, болашағы айқын совет жастары, оның алдыңғы отряды Ленин — Сталин комсомолы бұдан былай да алға баса бермек. Өзінің даңқты дәстүрін, совет халқына және ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа адал қызмет атқару дәстүрін көбейте бермек. Көсеміміз Сталин жолдастың жастар біздің келешегіміз, жастар біздің үмітіміз деген сенімін совет жастары өзінің нақтылы ісімен ақтап шығады.

Большевиктік партияның, данышпан көсеміміз Сталин жолдастың тәрбиесінде өскен Ленин — Сталин комсомолының айбынды отрядының бірі 400 мыңдай мүшесі бар Қазақстан комсомолы. Қазақстан комсомолы совет жастарының ең жақсы дәстүрлерін сақтай отырып, өзінің V съезіне зор жетістіктермен келгелі отыр. Қазақстан комсомолының V съезі осы жылғы июль айында, республикамыздың сүйікті астанасы Алматыда шақырылады. Съезд делегаттары комсомолдың қасиетті дәстүрін бұдан былай да дамыта берудің жолдарын белгілемек.







## Ж а с Ғ а л ы м

«Біздің Бакыя ғалым болады осы» дейтін курстас достары. Бұл сөзді естігенде, оның қараторы жүзі шырайланып:

— Ғалымдықтың аулы алыс қой бізге, — деп жәй күлімсірейтін. Рас, ғалым болу арманы оның жүрегіне сол кезде-ақ әбден ұялаған еді.

1935 жыл. Осы жылы — малдәрігерлік-зоотехникалық техникумы жанындағы комсомол ұйымының жыйналысы Бакыя Атшабаровты комсомол қатарына қабылдауды карап отыр. Ол беті дуылдап, зал толы жұрттың алдына жүрексіне шықты. Алайда отырғандардың бәрі өзіне тілектес достар екенін, комсомол қатарына өтуге олардың қуанатынын есіне түсіріп, Бакыя жүрек тоқтатты. Сөйтсе де іштей толқудан оның даусы дірілдеп шықты:

— Ленин комсомолы деген ардақты атаққа әрқашан да лайықты болуға тырысамын! — деді ол.

Ол техникумда оқуды үздік оқыды, қоғам жұмысына белсене араласты. Сол комсомол қатарына алынғанына 3 жыл өткеннен кейін, 1938 жылы, ол техникумды өте жақсы деген бағамен бітірді де, Қазақтың В. М. Молотов атындағы медицина институтына жолдама алды. Бұл Бакыяның өзі туған мекені Қарқаралыдан ұзақ сапарға шығуы еді.

— Қадамына нұр жаусын, ғалым болып қайт! — десті оны шығарып салған достары мен оқытушылары.

\* \* \*

Қала көркіне көзі тоймай, Бакыя Сталин проспектімен жүріп келеді. Қолында чемоданы. Жел қағып тотыққан жүзінде зор қуаныштың белгісі бар. Оның өткір кара көзі әрбір жаңа үйге, автобус, трамвайларға күлімдей, қызыға қарайды. Қала сұлу екен! Көшелері түп-түзу — атқан октай. Бойлай өскен бәйтеректер мен ақ қайындардан күн көрінбейді. Тіпті, Қарқаралыға карағанда, Алматының аспаны да көгірек, күн шұғыласы да мол ма калай!..

...Бакыя медицина институтында, емдеу факультеті деканының алдында тұр. Самайы қырауыта бастаған жылы жүзді адам оны мейірлене қарсы алды.

— Атшабаров дейсіз бе, кәзір... Ол бір топ папкаларды алып, аударыстырып қарай бастады.

— Жарайсын, — деді ол Бакыяның документтері тігілген папканы карап жатып. — Жарайсын, сен институтқа емтихансыз қабылдандың. Ілгеріде де табысты бола беруіңе тілектеспін, студент Атшабаров!

Ол, қуаныштан жүрегі лүпілдей сокқан Бакыяның қолын қысты.

— Қазақ жастары әзір бізге, оқуға аз түседі, олар әлі-ақ көптеп келетін болады. Өйткені, адам өміріне сақшы, қорғаушы болу зор бакыт ғой!

«Адам өмірінің қорғаушысы болу зор бакыт» деді Бакыя қайталап, профессор алғашқы лекциясын бастай бергенде.

Қызықты, қуанышка толы студенттік өмір басталды. Ол лекция жібермей қатысты, конспект жасады, көп уақытын лабораторияда өткізетін болды. Медициналық қыйын терминдерді есте қалдыру үшін түн ортасына дейін кітаптан бас алмады. Орыс тілін шамалы білетін, алыс ауданнан келген қарапайым қазақ баласына, институт сабағы оңай сокпады.


— Бакыя, сен қыйналып жүрсің білем, бүгіннен бастап сабаққа бірге даярлансақ қайтеді? — дейді бір күні сабақтас жолдастарының бірі оған.

Ұзамай осы орыс жігітімен ол достасып кетті. Олар лекцияда, лабораторияда, тіпті күнделікті тәжірибе де ақ халатын сумкасына салып алып, ылғый бірге жүретін болды. Бакыя бос уақытында медициналық газеттер мен журналдарды, әдебиеттерді көп оқыды. Жыл аяғында Бакыя ғылыми үйірмелерде шағын баяндама жасай бастады, совет медицина ғылымының жаңа табыстарынан хабары бар студенттер қатарына қосылды.

Студенттік күндер де біркүнгідей болмай өте шықты. 1942 жылы Бакыя медицина институтын өте жақсы бітірді. Дәрігерлік мамандық алды. Бұл Улы Отан соғысы жүріп жатқан кез еді. Қанқұмар фашистер Отанымызға жасаған арсыз шабуылымен Бакыяның, онымен тұстас талай жастардың болашағын кесіп тастағандай болды. Көп жастармен бірге Бакыя да Отанын, өзінің болашағын қорғау үшін сол жылы майданға аттанды...

\* \* \*

Ұрыстар арасындағы толас үзілісте Бакыяны полктың саяси бөлімі шақыртты. Ол жаралы жауынгерлерге көмектесуді ұйымдасты-



*Медицина ғылымының кандидаты Атшабаров Бақыя тәжірибе жұмысын жүргізіп отыр.*

рып жүр еді. Халатын шешіп, киімін ретке келтірді де, дәрігер саяси бөлімге беттеді. Мұнан аз күн бұрын Бақыя партия қатарына өтуге арыз берген болатын. Тәрізі соған шақыртқан болар.

Блиндажда жыйналғандар онша көп емес екен. Соғыстың ауыртпалығын бастан кешіріп келе жатқан ысылған коммунистер. Саяси жетекші жыйналғандарды Бақыяның өмірімен таныстырды. Полктың санитарлық қызметін басқаратын, бұл шағын, шымыр денелі, қараторы жігітті олардың көбі жақсы білетін. Оның өз міндетіне өте жауапты карап, жұмысын ұқыптап істейтініне майданшылар риза болатын.

Тілек, мақсаты бір майдандас достар оның Ленин — Сталин партиясы қатарына өткендігіне сүйсіну белгісін білдірді.

Бақыя соғыс жеңіспен аяқталғанша майданда болды. Өз полкімен бірге ол туысқан Польшаның астанасы Варшаваны азат етуге, фашизмнің ошағы болып келген Берлинді алардағы шабуылға қатысты. Ол жорықты Берлиннен де әрі, Бранденбургте аяқтады. Жанашыр досындай Бақыяның жұмсақ қолы сол кездегі сан жауынгердің бүгінде де есінде болар.

Партия мен үкмет оның еңбегін жоғары бағалады. Оған медицина қызметінің майоры атағы берілді. Ол орден және медалдармен наградталды.

Жау жеңілді, тізе бүкті. Соғыс тоқталысы-

мен Бақыя баяғыдан бергі арманы — ғылыми жұмысқа беріле кірісті.

\* \* \*

1950 жылы, июньде республикалық газеттерде, медицина ғылымының кандидаты атағын алу үшін аспирант Атшабаров «Қан тамырларының гипертониясындағы клиникалық невропатология» деген тақырыпта диссертация қорғайды деген хабар басылды. Бұл республиканың ғылыми жұртшылығын сүйсіндірді. Өйткені гипертония ауруы — өте хауіпті аурулардың бірі. Онымен, көбінесе, егде адамдар ауырады. Ауру адамға берілген медициналық жәрдем үнемі жақсы нәтиже бере бермейді. Сонда да совет ғалымдары гипертония ауруына қарсы күресуде елеулі табыстарға жетті. Бақыяның диссертациясы да медицинаның осы келелі саласына арналған еді.

Диссертация қорғауға медицина институтының студенттері, Алматы интеллигенциясы көптеп келді. Ресми оппоненттің бірі — медицина ғылымының докторы, профессор А. П. Штесс жас ғалымның диссертациясын жоғары бағалады.

— Гипертония ауруларының табиғатын зерттеп, ашуда бұл еңбек біздің советтік озат медицина ғылымына үлкен үлес болып қосылады, — деді профессор.

Бақыя диссертациясын аброймен қорғап шықты.

Жас ғалымды оның қызметтес достары, студенттер шын жүректен құттықтады. Бақыяның 4 жыл бойы, 1946 жылдан бері жүргізген қажырлы жұмыстарының, сіңірген еңбегінің алғашқы жемісі осындай еді.

— Гипертония ауруын зерттеу жөнінде советтік медицина ғылымы көп жұмыстар істеді. Үстіміздегі жылы мархұм академик Лаинг-Георгий Александровичтың «Гипертония ауруы», атты ғылыми еңбегіне Сталиндік сыйлық берілуі бұған айқын дәлел. Ал, менің диссертациям осы салаға қосылатын кішкене ғана еңбек, — дейді Бақыя.

Кәзір Бақыя Қазақ ССР Ғылым Академиясының өлкелік патология институтының аға ғылыми қызметкері.

Бақыя — комсомол өсірген түлектің бірі, Ленин комсомолы оны ғалым етті, жеңімпаз Ленин — Сталин партиясы қатарына қосты. Ол өзінің, қарапайым қазақ баласының, ғылымда жемісті еңбек етуіне қамқорлық жасап отырған ұлы адам — Сталинге алғыс айтады. Бұл — бір ғана Бақыяның алғысы емес, миллиондардың ізгі алғысы.

Ә. ЖҰМАБАЕВ.

# ОТРЯД ВОЖАТЫЙЫ

— Отряд, сап түзе!..

Команда естілісімен-ақ, мойындарына ал қызыл галустук байлаған, бір топ пионер ың-шыңсыз қатарға тұрды.

Команда берушінің дауысы екінші рет қайталанды:

— Пионерлер, Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын болыңдар!

— Эр қашанда дайынбыз!

...Пионер жыры аяқталып, команда бойынша, ту ұстаушы алға шыққан соң, отряд советінің председатели пионерлерді орналастырып, «жыйын ашық» деп жариялады.

Олег Кошевой атындағы бұл 4-отряд — «Саржыра» мектебіндегі ең үлгілі отрядтың бірі. Мұндағы 43 пионердің 27-сі үздік және жақсы оқиды. Отрядтың өз алдына жұмыс жоспары бар. Пионерлер сол жоспар бойынша бірлесіп сабаққа дайындалады, экскурсияға шығады, колхозшы ата-аналарға ойын көрсетеді.

Пионер үйінің жанында: әдебиет, тарих, тігіншілер және спортшылар үйірмесі бар. Бұл үйірмелерді Нұран Жеңсеханова, Әбен Рамазанова, Қабыкен Әбдрахманов, Рауфия Аязбаева сыяқты үлгілі пионерлер басқарады. Сонымен қатар, пионерлердің ұсынысы бойынша жаңадан еңбек сүйгіштер үйірмесі құрылды. Бұл үйірмеге еңбекпен әуестенуші 20 дан астам оқушы мүше болып кірді. Үйірме алғашқы жұмысын Каганович атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Рәш Ботақанова жолдастың «Ленин пионері — колхозшы шаруалардың қолқабысшысы» деген әңгімесін тыңдап, соны талқылаудан бастады.

Әсіресе, «Ленин — Сталин комсомолының мүшесі қандай болу керек?» деген тақырыпта өткізілген әңгіме өте қызық болды. Бұл әңгіменің соңында пионерлер Олег Кошевой атындағы отрядтың вожаты Боба Байғарановтың Ленин орденімен қалай наградталғаны туралы әңгіме тыңдады.

...Улы Отан соғысы басталған соң Бобаның әкесі Байғара армия қатарына алынып, 1944-жылы ерлікпен қаза табады. Шешесі Нұрбану — ауруға шалдығады. Салмақ қаршадай Бобаға түседі. Ол үйелмелі-сүйелмелі екі баурына, ауру шешесіне таяныш болады, сөйтіп, оның бір жылғы оқудан қол үзуіне тура келді.

Боба сол күндерін есіне түсіре келіп: «Адамға ең қымбатты нәрсе — өмір. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Мақсатсыз өткізген жылдарыңа қынжылмау үшін, өткен өміріңнің ұсақ-түйек жексұрындығы ойға түсіп ұялмау үшін, өміріңді жақсы өткізуге тиістісің...» — деген Қорчагин сөзін мұғалімдер көп ескертіп отырды, — дейді ол.

...Я, өмірді жақсы өткізуім керек! — деген талап оны алға бастады.

— Сонымен — дейді Боба, — колхоз комсомол ұйымының комитетіне: үйдегі ауру анама болысып, жұмыс істегім келетінін айтып арыз жаздым. Комсомол ұйымы арызыма кешіктірмей жауап берді.

Комсомол ұйымының жолдамасы бойынша жұмыс сұрап колхоз басқармасына бардым.

— Шырағым, оқу керек қой, — деді председатель. Маған оның бұл сөзі «сен әлі жассың ғой» дегенді аңғартты.

— Жас та болсам, жұмыс істегім келеді.

Ол менің жүзіме күлімсіреп қарады. Мұнысы «жұмыс қолыңнан келер ме екен?» — дегендей боп көрінді маған.

— Мен жұмыс істей алам, сеніңіз, мен Ленин пионері емеспін бе...

Бұл менің бірінші рет аузыма алған сөзім еді. Пред-

седатель алдында өзімді үлкен азаматша ұстай білдім. Өйткені, мен тұңғыш рет еңбек майданының күрескері болғалы тұрмын ғой...

Ақыры өтінішім іске асып, колхоз басқармасы, комсомол ұйымының жолдамасы бойынша, бақташы етіп тағайындады да, 36 бұзауды бағуыма берді.

— Рас, бұзау бағу оңай жұмыс емес, — дейді Боба, әңгімесін соза түсіп, — ыстық пен шөлде, суық пен желде төзімсіздікке салынсаң, сенен жақсы бақташы шықпайды... Егер, шөбі шүйгін, суы мол, кең жайылымдықты ерінбей таба білсең, ол жерге жайылған мал тез семіреді. Бұл да аз, оның үстіне зоотехникалық шараларды жүзеге асырып, еңбек озаттарының іс тәжірибелерімен үнемі танысып отыру қажет болады. Мен Социалистік Еңбек Ері Оспан Бәйсейтовке екі рет барып, кеңес алдым, ол:



— Малшы болудың жұрт білмес терең сыры жоқ, — деді маған, — бұл кәсіпті сүйе білсең, малды баға да білесің.

Шындығында, мен бұл жұмысты сүйе білдім... Қалың құрақты, мөлдір бұлақтың жағасында семіз төлдер асыр салып ойнап жүрсе... Сен күні бұрын өзің сайлап алған өрісте туған ауылдың сұлу даласына көз жіберіп отырсаң, қандай жақсы!..

Еңбек рақатының шабытына берілген Боба, бір аз үнсіз тұрды да:

— Сүйе білген еңбек жыл аяғында сүйсінерліктей жеміс берді — деді ол. — Мен баққан 36 бұзау шығынсыз өсті, әрбір бұзау 11 ай ішіндегі тәулік салмағын 860 грамм арттырып, колхоз көлемінде, малды жайылымда семіртуден бірінші орынға ие болдым. Колхозшы ата-аналар маған көп-көп алғыс айтты. Менің бұл еңбегім жоғары бағаланды. Үкмет пен партия мені Ленин орденімен наградтады.

Осы кезде, оның сол жақ омырауындағы Ленин ордені терезеден түскен күн сәулесінің сұлу шұғыласына шағылысып, ерекше бір көрікпен жарық-жұрқ етті.

Бағанадан бері Бобаның сөзін сүйсіне тыңдап, үнсіз отырған пионерлер ду қол шапалақтады...

Бұл құрметке Боба сәл уялыңқырап қалды. Оның бұлдіршіндей екі беті қызара түсіп, сүйкімді сұлу жүзінен еңбек даңқының тамаша мақтанышы байқалып тұрды...

— Бағуымдағы бұзауларды өткерген күні комсомол ұйымынан екінші рет жолдама алдым, онда былай деп жазылған.

*«Орденді пионер Бона Байгарановқа!  
Қаганович атындағы колхоз комсомол ұйымы  
Сізге жуық араның ішінде «Саржыра» мектебінің  
оқушысы болып тіркелуді тапсырады.  
Жақсы оқуыңа тілектеспіз.  
Комитет секретары.*

Небәрі екі-ақ сөйлем. Бірақ, осының өзі-ақ, мені зор шаттыққа бөледі. Жүрегім дүрсіл қағып, ұлы қуаныштың қушағына бөлендім. Сөйтіп, «мен Ленин пионері емеспін бе!» деген сөзді екінші рет қайталап, Сталин заманының ұрпағы болып туғанымды мақтаныш еттім. Бұл сезіміме тағы бір зор мақтаныш сезім қосылды. Мен комсомол мүшесі болдым...

Мұнан кейінгі жайлар отряд пионерлерінің өзіне де аян еді.

Жүздері жарқын, көңілдері шат пионерлердің Қазақстан комсомолының V-съезі алдында өткен осынау бір қызу әңгімесі бізді еріксіз тартты. Ақырына дейін тыңдадық. Тыңдаған сайын ынтыға түстік.

— Міне, құрыштың шынығып жатқан жері! — деді менің жолдасым, «Құрыш қалай шынықтыдағы» большевик чекист Жухрайдың сөзін еске түсіріп.

**ҚИНАН СЕРІКБАЕВ,**

Зайсан ауданы.

## МЕН КОМСОМОЛ МҮШЕСІМІН

Пионерлерге комсомол ағаның әр ісі үлгі. Комсомолецтің өнегелі ісі, өнер-білімге ұмтылғыштығы, қыйыншылықтан қорықпай жеңе білетін қасиеттері біздің бәрімізді қызықтырады. Сондықтан да отрядтағы барлық пионер комсомол ағаның дәстүрімен өсуге, комсомолға мүше болуға асығады. Отряд жыйындарында Ленин комсомолының тарихы, ұйымшылдығы туралы арнаулы мәселелер қаралады. Бұл жыйындар өте қызық өтеді.

Жыйындар бізді комсомолдың соғыс және еңбек майдандарындағы қажырлы күресімен, данққа бөлеген істерімен таныстырды. Ал, комсомолдың ерлігі, совет жастарына үлгі боларлық істері орасан көп. Оның алқызыл туындағы 4 орденінің әрқайсысы қажырлы сол күрестің, жемісті еңбектің, бүкіл совет жастарына үлгі істерінің куәсі. Павел Корчагинді, Олег Кошевойды, Зоя Космодемьянскаяны, Мәншүк Мәметованы, Александр Матросовты, Отанына шексіз берілген, қыйыншылықты жеңгіш солар сыяқты көп жас буындарды комсомол тәрбиеледі.

Отрядта бұлар туралы өткен әр әңгімеден соң комсомол қатарына түсуге деген құмарлығымыз тіпті арта түсті.

Жақында сол арманымыз орындалып, отрядта бірнеше пионер комсомол қатарына өттік. Өміріміздегі аса қуанышты елеулі бұл күні, мені ерекше сезім биледі. Комсомолға түсу көп міндет жүктейтінін де есіме алып, жүрегім лүпілдеп соқты. Комсомол жыйналысына келгенде, маған қандай сұрақтар қойылар екен деп те ойлады. Өзім комсомолдың дәстүрін білетіндігімді, болашақта сол дәстүрге, комсомол

мүшесі деген атаққа лайық болатындығымды, ол атаққа кір келтірмейтіндігімді айттып бергім келді. Мүмкін: «Комсомолец қандай болуға тиіс?»—деген сұрақ қойылар, сонда не деп жауап қайтарар едім, деп өзімді сынап та алдым.

Сөз жоқ, комсомолец ең алдыңғы қатарда болуға тиіс. Жақсы дос, қоғамшыл, көмекшіл, класта нашар оқыйтындардың болмауы үшін күресетін, жолдастарының жарамсыз қылықтарын батыл сынап, оның түзелуіне көмектесетін болуға тиіс. Комсомолец Отанды шексіз сүйетін болуы керек. Мені, міне, осы ой биледі.

Жыйналыс болғанда маған бірнеше сұрақтар берілді. Олардың бәріне жауап қайтардым. Бір сұрақ: «Комсомолец пионерге үлгі болуға тиіс. Жақсы оқысаң, өнегелі болсаң, оған үлгі көрсеткенің. Осы міндетінді қалай атқармақшысың?»—деп қойылды.

Мен барлық пәннен бестік баға алып жүрмін. Класта Клим Камалов деген оқушы нашар баға алып қалған еді. Онымен сабаққа бірге әзірленгенімізді, оның түсінбегендерін түсіндіруге көмектескенімді айттым.

Біздің отрядта барлық пионерлер бір-біріне осылай көмектеседі.

Бұл жолы класымыздағы пионерлерден менен басқа тағы да 6 бала комсомол қатарына өтті. Лениншіл Коммунист Жастар Одағының мүшесі болғандығымызға, Қазақстан комсомолының V-съезіне комсомол болып келгенімізге бәріміз де шексіз қуаныштымыз.

**Қуатқали ҚАСЕНОВ,**

Алматыдағы 18-мектептің оқушысы.





# Бобек

М. ИМАНЖАНОВ

Әңгіме

I

Нұрдәулетті стадионға көп баратындардың бәрі біледі десек асыра айтқан болмаспыз. Рас атын біле бермес, ал түсін тапыйтындар, біздіңше, көп табылуға тиіс. Бұлай деуімізге себеп бар...

Бұл өзі қызық адам. Қызық болғанда, өзгеден ерек туған, ерекше сырлы жан емес. Өзіміз күнде кездесіп жүрген кәдімгі қарапайым жан, қатардағы дәрігер. Жүріс-тұрысында да атай қоярлық оғаштық жоқ. Мінезі ауыр, сөзге сараң, тіпті тұйық деуге де болады. Онымен қызметтес жеңгейлер: «Біздің Нұрдәулет Нәбиевич қыз мінезді жігіт» деп те жүретінін білеміз.

Сол Нұрдәулеттің өз арнасынан асып кететін бір ғана кезі бар. Ол — футбол. Оның бұл ойынға деген құмарлығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Футбол десе, есі шығатын талай құмарпаздарды көріп едік, ал, бірақ, мына кісінің құмарлығына пар келетіндер әй, сірә, табыла қоймас. Алматыда жылына неше рет футбол ойыны болса, ол сонша рет көзге бір шалынбай қалған емес... Ойын шүү деп басталысымен-ақ одан маза кетеді, орнында бір минут тыныштық тауып отыра алмайды. Доп қай жаққа ұшса, ол сол жаққа бұрылып, жанында отырғандарды да әбден ығыр етеді. Ол да ештеңе емес-ау, доп қақпа алдына бармасын де, бара қалса, қызықтың көкесі сонда болды дей бер. Мұндай кезде ол өзін де, өзгені де ұмытып, шыдай алмай орнынан тұрып кетеді немесе айқайлап жібереді. Егер қақпаға төніп келген доп зау-зайым ауыт кетіп қалса, «қап» деп не өзінің, не қасында отырған адамның санына алақанымен салып қалып, сылқ етіп отыра кететін әдеті де бар.

Нұрдәулеттің бұл депірсіздігін жаратпай, кейбіреулер оған алақөзімен қараса, екінші біреулер ойынға соншама беріліп күйіп-піскенін қызықтап, мыйығынан күле қарайды. Әсіресе, балалар оның барлық қыймылын бағып:

— Анаң қара! — деп жамырай күліп, шуласып отырады.

Міне, оны жұртқа белгілі, қызық адам дейтініміз де осыдан.


Жайшылықта өте ұстамды, салмақты адамның стадионда осынша өзгеріп кететіні, шынында да, адам күлерлік қызық мінез. Егер ол мұндай ойындармен өзі шұғылданып жүрсе яки спортсмен болса, бір сәрі дер едік. Мұның басында оның бір де бірі жоқ болса қайтесіз. Соған қарамастан, біреу ойнаған футболға оның сонша жан салатыны ғажап-ақ.

Расымызды айтайық, кәзір бізге ол да ғажап болып отырған жоқ. Басқа бір жай жұмбақ болып отыр. «Динамо» стадионы адамға әлдеқашан толып бітті. Минскі мен Алматы футболшылары ойын алаңына шығып сапқа тұрып жатыр. Енді бірер минутта ойын да басталмақ. Мына қызықты қараныз, өмірі болмаған бір уақытқаға дөп болып отырмыз. Өмірі кешігуді білмейтін Нұрдәулет әлі келмеген. Әдетте, 20—30 минут бұрын келіп, көруге ең қолайлы деген, батыс жақ орта шендегі алдыңғы қатарлы орынға алдың ала жайғасатын Нұрдәулетіміздің бұл кешігуі ғажап.. Бұл қалай? Қызметтен босай алмай қалды ма? Мүмкін емес. Клиникадан сағат үште босайды... Ендеше оған не болды екен?..

Ол ақыры келмеді. Әрдайым оның көзге түсіп отырағынына үйреніп кеткендіктен бе, қалай, бүгінгі ойында оның жолдастарына бір көңілсіздік пайда болды. Тегінде бұл селқостықтың төркіні онда да болмай, басқа да жатуы да мүмкін.. Алматы футболшыларының қақпасына доптың бір емес, үш өткендігі, олардың өте орашолақ ойнағаны көп адамның қытығына, оның ішінде Нұрдәулет жолдастарының да қытығына тиюі ықтимал. Әйтседе оншасын анық білмедік. Біздің анық білетініміз Нұрдәулет футболға келмеді. Ал, төтенше бір жұмыс болып қалмаса, ол келуге тиіс еді деген ой басқа қайта-қайта оралып соға берді. Демек, осының себебін білуге асығып отырмыз.

II

Нұрдәулеттің Тұраш деген төрт-бес жасар баласы бар. Өте бір сүйкімді бала өзі. Бүп-бұйра шашы ұйысып, аузын томпайта, өзінше үлкен болғанын, оты бар қара көздерін мөлдірете қарап тұрғанда тіптен сүйкімді бо-



лып кетеді. Кейде аздап тентектігі де бар. Алайда онысын бұл арада есепке алмай отырмыз. Оған бұдан басқа ешбір «мін» тақпайсыз. Әңгіме айт десең — әңгіме айтады, ән сал десең — ән салады... Не тілесен, соны істейді. Жатырқап томсарып тұру деген онда аз кездеседі.

Ол саған мұндайда бар өнерін көрсетіп қалады. Барлық ойыншығын жыйнастырып, алдына тізеді. Үш дөңгелекті велосипеді де дереу пайда болады. Әдемі суреттері бар әліппе-кітабын да ұмытпайды.

— Оқып жіберші, — дейсің күліп.

Ешқандай бөгеліс жоқ. Мектеп табалдырығын әлі аттамаса да, оқып білетін адамдай:

— Мынау «А», мынау «Б» деп әріптерді мұрнынан тізіп айта бастайды да, аздан соң кідіріп, кейбіреуін қалдырып кетеді. Әсіресе, айтуға қиын әріптерге, соның ішінде «Р»-ға соқпайды. Қолыңмен әдейілеп қанша

нұсқап көрсетсең де, не аржағындағы «С» әрпін, не бержағындағы «П» әрпін жып-еткізіп айта қояды.

— Жоқ, ол емес, мына әріптің атын айтпадың ғой сен, — дейсің оған сұқ қолыңды «Р»-дың үстіне төндіріп:

— Айттым ғой, — дейді ол өзінше сені нандырам деп ойлап.

— Айтқан жоқсың.

— Жаңа айттым ғой.

Оның титімдей мұрнының үстін жыбыр еткізіп, қулық жасаған болмысы күлкінді келтіреді. Сөйлете беруге қызығасын.

— Сен, жалтарма, айтып бер.

— Айтпаймын...

— Неге айтпайсың?

— Бұл жаман...

— Неге жаман? — дейсің күліп, «әріп» деген сөзге тағы да жуымағанын қызықтап.

— Мынау жаман, — дейді кішкентай саусағымен «Р» әрпін көрсетіп.

— Не дерсің оған. Тілі келмегенге мұнысы кәдімгідей намыстанған болғаны. Бірақ, ұзаққа бармайтын бала намыс. Енді бір кішкене еліктірсең, бұл намысын ұмытып та кетеді. Бұған: «Тұраштың ақылы көп, кәзір айтып береді» деп арқаға қағудың өзі де жеткілікті.

— Ый. — дейді аузын жып еткізіп.

Мұнысы «Р» дегені.

Қутылдым ба, жоқ па, деген адамша, ол кітапты дереу жыйып, машиналарын қолға алады.

— Мынау «Победа», ә мынау «Москвич»...

«Өскенде кім боласың» — деп сұра дейді Нұрдәулет сізге сыбырлап.

Алматыда көк қақпалы кең аулалар көп. Бұлар әр көшеден, әр пұшпақтан кездеседі. Сыртынан қарасаң, жай тұрғын үйлердің бірі деп ойлайсың. Есігінен үңілсең, асыр салған кілең кішкентай сәбилерді көресің. Сонда барып мұның балалар бақшасы екенін білесің. Егер осындай бақшаларды аралай берсең, Алматыны бөбектер қаласы деп ойлауға болар еді. Жалғыз Алматы ғана емес-ау, зер сала көре берсең, еліміздің барлық қаласын осылай деп атар едің.

Несі бар, қаласаң, солай деп-ақ ата. Қалаларымыздың бүгіні де, ертеңі де сол бөбектерге арналған. Онда салынып жатқан зәулім үйлер де, күні-түні тынымсыз жұмыс істеген алып заводтар да, ұзақ таңды ұйқысыз өткізіп, сарғая отырудан туған ғылыми жаңалықтар да, ұзақ жылдар кеткен роман, поэмалар да — бәрі де бүгінгі бөбектің, ертеңгі түлектің қамы. Ендеше бөбектер қаласы деудің түк те сөкеттігі жоқ дер едік.

Өзі теңдес басқа бөбектер тәрізді, Тұраштың да күндізгі тіршілігі балалар бақшасында өтеді. Сара апай немесе Нұрдәулеттің өзі қызметке бара жатып сонда апарып тастайды да, жұмыстан келерде ала қайтады.

Тұраш бұл күнде балалар бақшасына әбден үйреніп алған. Өткен жылы бармаймын деп бірер рет қыңқыл шығарғаны да болушы еді. Оны да ұмытты. Кәзір есі-дерті балалар бақшасы болады да тұрады. Онда толып жатқан кішкентай жолдастары бар. Солармен ойнауға асығады. Қосылып ән айтады, би билейді, тәрбиеші апай бұларға ерінбей жүріп өнер үйретеді. Ой несін айта-сын! Мұнда нешәтүрлі қызықтар болып жатады.

Тұрашқа, әсіресе, өзінен ересек бөбектердің ісі өте таңсық көрінеді. Олардың анда-санда көрсетіп тұратын өнері оны мейлінше қызықтырады. Кішкентай көкрегінә мен қашан солардай болам деген арман ұялады. Быйыл ол тәрбиешіге: «мен қашан өлең айтамын» деген тілекті де білдірді.

— Осы жаз, — деп қуантты оны тәрбиеші, — сен де концертке қатысаң. Кәзірден бастап соған әзірлік жасаймыз.

... Жадырап жаз келді. Дүние жасарып, бейне біздің бөбектердің өміріндей жайнап құлпырып кетті. Балалар бақшасының кең ауласындағы жеміс ағаштары гүл тастап, бастары ақшыл көк, жасыл толқынға малынды. Аула ішінде беседкаларға баратын жінішке жолдардың екі жағына егілген неше алуан гүлдердің жұпар исі мұрныңды жарып, әрі қызылды-жасылды түрлері көзді тартып, бақшаға ерекше бір көрік бітірді. Мәуелеген сол бау саясында, гүл арасында жүрген кішкентай адамдардың тәтті қылығы назар аударға қараған сайын көңілді ұйытып, қызықтырған үстіне қызықтыра түсті.

Бөбектер қаласының Тұраш тәрбиеленетін бақшасында бүгін бір думан өтіп жатты: кішкентайлармен бірге үлкендер де бас қосқан. Бұл үлкендер: әкелер мен шешелер еді. Бұлар сағат төртке осында шақырылған. Әр бөбек өз әке-шешесіне келуді қалаған соң, олар әдейі жыйналып отыр. Бұлардың ішінде бірен-саран ағалар да бар екенін көреміз. Солардың арасынан жыйырма-лар шамасындағы бір жас ұлан көбірек көзге түседі. Бөбектер оны жан-жақтан қоршап алған. Біреулері сол жігіттің омырауына, біреулері аузына қарайды. Таяу тұрғандары оның көкрегіндегі орақ-балғалы алтын жұлдыз бен комсомол значогін әлсін-әлсін шұқып, дамылсыз көреді. Жақын келе алмай, алысырақта тұрғандары мойнын созып, еңбек ерінің омырауынан көз алмайды. Сол алыстан мойнын созғандардың бірі — Тұраш. Ол қолмен ұстап көрерме еді деп қызығып-ақ тұр.

— Папа, аяндай сенде неге жоқ? — дейді ол әкесіне, еңбек ерінің көкрегін нұсқап.

Нұрдәулет бұған ұтымды және бала көңіліне қонымды жауап таппай сәл бөгеліп:

— Ол батырларға ғана беріледі, — деді аздан соң.



— Шофи болам, — деп жауап береді бөбек, бұл сұрағыңа.

Оның ойынша дүние жүзінде шоферліктен асқан өнер де, кәсіп те жоқпен тең.

— Несі бар, бұл да жаман мамандық емес, — деп Нұрдәулет сылық-сылық күледі.

— Шофер болғанда не істейсің?

— Папамды футболға алаям. Дүкенге нан таси-мын. Сосын ойнаймын...

Үстіп тұрғанда көшеден машина даусы естілсе, қуанғаннан «мама, машина» деп үйді басына көтере айқай сап, ас үйге жүгіреді ол. Бұл кезде сізді де, ойыншықтарын да ұмытып кетеді.

— Тұрашжан, мұнда кел, киін. Кәзір футболға барамыз, — дейді Нұрдәулет.

Тұраш ас үйден жүгіре шығып, қайтадан әкесіне келеді. Содан кейін әкелі-балалы екеуі киініп алып, стадионға тартады.

Футбол болатын күні Нұрдәулеттің салты, міне, осылай болушы еді. Бүгін сол салт өзгергенін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Біз жаңа соның себебін біліп келдік.

— Э, сен неге батый болмайсың?..  
 Мұның да жауабы қыйын-соқты.  
 — Болам, әлі, — деді ол.  
 — Қашан боласың?  
 — Жұмысты өте жақсы істеймін. Сонда боламын..  
 Нұрдәулет бала сұрағы бұған да әзір тұрғанын аңғарып әңгіменің бетін дереу басқа жаққа бұрды.  
 — Сен ана ағаның сөзін тыңда. Ол сендерге қызық әңгіме айтады.  
 — Не әңгіме айтады?  
 — Тыс, тыңда!..  
 Баланың назары тағы да жас жігіттің көкрегіндегі әсем жұлдыз бен значокке ауды.  
 — Ал, анау сенде неге жоқ, папа?  
 — Мен үлкенмін, оны жастар — комсомол мүшелері ғана тағады.  
 — Мен кішкентаймын ғой, маған неге әпеймейсің?  
 — Сен сондай жігіт болып өскенде, комсомолға мүше болғанда тағасың.

Турашты бұл жауап та қанағаттандырып тұрған жоқ. Оның тез өсіп кеткісі келеді. Комсомол мүшесі де болсам, алтын жұлдыз да тақсам деп те ойлайды. Бөбегінің бұл талабын әке де жақсы байымдап отыр. Ол бала көкейіне қондыра жауап бере алмаса да, іштей қуанышты. Тынысы, кең, жақсы дәстүрі бар бөбектер қаласы, алтын жұлдызды ағалар, қаршадайынан ізгілікке талпындырған көк қақпалы бақша



баласын жақсы адам болуға тәрбиелейтініне күмәнданбайды..


Тәрбиеші бөбектердің концерті басталғанын жариялады. Балалар тым-тырыс болып орындарына отыра қалысты. Әр ата-ана өз баласы қандай өнер көрсетер екен деп ынтыға кішкентай сахнаға көз тігеді.

Бөбектер біреуі жаттаған өлеңін айтып, біреуі билеп, біреуі ән шырқап, өздерінше думан құрды. «Біз — совет баласы» деген өлеңді айтып бір кезде сахнаға Тұраш та шықты.

Бұл, бөбектердің әдеттегі сауықтарының бірі еді. Бірақ бұл Тұраш үшін де, Нұрдәулет үшін де төтенше күн болды. Тұраш бүгін бірінші рет топ алдына шығып, бірінші рет өз өнерін көрсетті. Ақын жазған өлеңмен қауымға өз сөзін айтып, сәби жанының қылаусыз сырғын топ алдына жайып салды.

Әке қуанышы да одап аз болмады. Бала қуанышын білсе де, бала өнерінің қуанышын әлі татып көрмеген Нұрдәулет жан болып дүниеге келгелі байқамаған жаңа сезімнің балын татты.

Жаңа түйін тастап келе жатқан алма бағы секілді, жаңа ғана басталып келе жатқан сәби талап пен сәби өнерді көргеніне шаттанып қайтты үйіне ол. Неше құмар болса да, футболдан тап осы жолы қалғанына ол онша өкінбеген болар..



## Б. УАХАТОВ

## Әңгіме

Бір топ пионер жидек теріп, саяхаттап қайту үшін күн көтеріле жолға шықты. Бұлардың іштерінде Темір, Бәкен, Ина, Сәттар, Серік те бар. Олар бірін-бірі басып озып, жалаңаш табанымен құмды борпылдата жарысып келеді. Әрқайсысының қолына ұстаған қалбырлары дамыл-дамыл қағысып қап, салдыр-гүлдір етеді. Әлден соң балалар дөңнен асып, «Ұзын көгалға» түсті. Көгалда өскен шоқ-шоқ жіңішке талдар мен тікенекті итмұрындардан балалардың бойы көрінбей кетті. Жолдан шыға-ақ Ина бәрінің алдына түсіп, оза жөнелді. Ол жүгіріп келген бойда сүйріктей нәзік саусақтарымен жоңышқалы мыя араласқан қалың шөптің арасын ашып жіберіп:

— Ы-ы, мынаң қара, — деп ішін тартып тандана қалды.

— Әбден піскен-ау э, қандай тәтті еді!

— Баданадай ірі екен өзі.

— Жидек деп міне осыны айт! — десіп іле келген Темір, Серіктер де қуанысып жатыр. Әрқайсысы әкелген ыдыстарын басқалардан бұрын толтырып алуға асығып терді. Тек Темір ғана жидекті көбіне жеумен болды. Әдетте ашық мінезді, жайдары Ина Темірге қалжыңдап:

— Ойпырмай Темір, сен де тәуір-ақ қомағай екенсің. Бағанадан бері шөбімен соғып жатырсың ғой, — деп, ойын боса да, ойындағысын айтып күлді.

— Я, алдымен өз ішімді толтырып алмақпын, — деп Темір қатарындағы жолдастарына қарады да, көзін қысып қуақыланып қойды. Бірақ оның бұл мінезін жақтыртпаған Бәкен:

— Соншама жей бермесең қайтеді, — деді.

— Е, жей бермегенде қайтем.

— Ал, үйге барғанда апаңа не әкелдім дейсің?

— Апам жемейді.

— Апаң жемесе, кішкене қарындасың бар. Соған апар.

— Жарайды, жарайды. Мен үшін сен қам жемей-ақ қой. Пысықсуын, — деп Темір қолын бір сілтеп шамданып қалды.

Бұдан кейін ол жидек жеуін қойып көппен бірдей ыдысына жыйнай бастады. Түс тарта күн қызып, ысуға айналды. Балалар алма кезек біріннің алдына бірі шығып бәсекелесті. Асығып, алға жүгіре жөнелген Темір тізерлеп отырған Бәкеннің аяғына абайсызда сүрініп қап, етпетінен түсті. Қолындағы қалбыры анадай жерге ұшып кетті. Жидегі шашылып қалды. Жалма-жан Темір ұшып тұрып:

— Сен неге аяқтан шаласың? — деп қызараңдап, Бәкенге жетіп келді. Бәкен недерін білмей, қысылыңқырап:

— Немене, мен әдейі қақты деймісің!

— Я, сен әдейі қақтың.

— Шын пионерлік сөзім. Әдейі емес.

— Әдейі е-м-е-с, — деп Темір даусын созып, жұдырығын түйе қалды. Балалар шуласып, екеуін ортаға қоршап алды. Ина қорқып кетті.

— Қойыңдар әй. Уят емес пе бұларын.

Сәттар араға түсіп, Темірге:

— Со бір жидекке бола жолдасыңмен түс шайысуың лайық па? Жығылған өзін, — дей беріп еді, сөзін аяқтатпай Темір оған да қабақ түйді.

— Сен килікпей әрі тұр.

Балалар екеуін айырып жіберді. Олар енді бір-біріне үн қатпай, біраз уақыт жидек терді де, үйге қайтты. Бәрінің соңынан Серік пен Темір келеді. Бұлар сабақта, сабақтан тыс уақыттарында да бірге жүріп, бірге өткізетін. Үйлері көрші болғандықтан, жас кездерінен-ақ екеуі айрылмас дос болып кеткенді. Темір отрядта звено вожаты, ал, Серік болса, сол отрядтағы «Пионер» газетінің редакторы. Темірдің жанағы ісі досына жарымсыз қызулық болып көрінді. Бірақ бұрын-соңды Темірдің бойынан кездеспеген мұндай қылық Серікті таң қалдырды. Ол Сәттармен жолдасын кешіктірмей татуластыруға үміттенді:

— Сен оған: «Айыпты мен. Татуласайық» десең гой бітті,— деп Темірді үгіттеп көндірмек болды.

— Ал, ол менің аяғымнан қағуға қанша хақы бар.

— Жоқ, сен өзің жығылдың.

— Бәрібір мен енді оған барып кешірім сұрай алмаймын.



— Сұрайсың. Неге сұрамайсың. Айыпты сен!— деп қатаң жауап берді Серік.

Енді екі дос тіл қатыспай томсырайып келе жатыр. Олар кешікпей үйлеріне жақындап қалды. Есік алдында екеуі де ештеме деместен үнсіз айрылысты.

Үйде, Серік ертеңгі болатын сынаққа дайындалып, кешке біраз отырды да, төсегіне жатты. Кенет бүрсүгіні шығатын газетке мақала жазатындығы есіне түсті. Оның көз алдына Темір елестеді. «Мен ол туралы жазуым керек. Бірақ өзімнің жолдасымды қайтып жазбаппын... Ал, жай ғана үндемей қойсам қайтеді? Онда өзінің досын жазуға батылы бармады демей ме балалар,»

— деп Серік мазасыз ойымен бір аунады да, көрпесін бүркеніп қымтай түсті. «Несі бар. Мен оған айыпты сенсің деп көзіне айттым. Ендеше барлық жолдастары алдында неге айта алмаймын?..»

Серік қатты толқыды. Ақыры үзілді-кесілді бір ойға келді де, үстіндегі көрпені лақтырып тастап, досына сын жазуға отырды...

#### ЖЕМІСІҢ БОЛСА АРТЫҢДА

Баянның сұлу баурында  
Үш ай жатты ол тынығып,  
Қалды туған аулында  
Шыбықтар жерге тігіліп.

Содан бері санаса,  
Бес рет ағаш көктөді.  
Бойы да өсті аласа,  
Ақылын шындап мектебі.

Атасынан ауылдан  
Немересі хат алды.

„Айналайын Бауыржан,  
Қуандырдың атаңды,  
Өзің еккен сондағы,  
Алма ағаш өсіп келеді.  
Жетеуі де бойлады,  
Желпінді желмен желегі.

Быйыл жазда буйырса,  
Туңғыш алма береді...“  
Артында жеміс, із қалса,  
Өркім: „Достым“ — дер еді.

М. ӘЛІМБАЕВ.

#### ҮЙ АЛДЫНДА МАЙДА ТАЛ

„Үй алдында майда тал.  
Майда талға көзің сал“  
Арасында жүр бағбан,  
Еңбегіне қуаңған.

Галстугі мойнында,  
Кітаптары қойнында,  
Майда талды аралап,  
Су құйып жүр жағалап.

Судан, күннен нәр алып,  
Тал өседі таралып.  
„Бейбітшілік бауы,“—деп  
Атапты оны жас Тілек.

Т. ШОПАШЕВ,  
Қызыл-Орда облысы



# Тұл қамқоршысы

Ақ басты Алатау атрабы май айының алуан түрлі гүлдеріне бөленіп, өзгеше толықсып тұр. Алматы селендік ауданының Сталин атындағы колхоз көкорай шалғын, шешек атқан бау-бақша арасында алыстан көз тартады.

Қытымыр қыстың шеңгелінен жуықта ғана құтылып, күн шуақты кең алқапта еркіндеп жүрген түліктер шоғырланып, алыстан көзге шалынады. Әсіресе, дүниеге жаңа келген қонақандар мен киік құралайындай жас лактардың ежелерінің соңында еркін ойнақтап жүргені қандай сүйкімді. Гүл жамылған мәуелі ағаштарға қонып тынбай сайраған бұлбұл үні желпінте, көңілді өсіре түседі.

Сталин атындағы колхоздың қонысы табиғаттың осындай сұлу жерінде. Сол колхоздың жеті жылдық мектебіндегі жас малшылардың өткен қыстағы игілікті жұмысы көпке үлгі боларлық.

Ағаш бұтақтан, егін дәннен, мал төлден өседі. Әдепкіде елеусіз, ұсақ көрінгенімен сол жоқ нәрседен асқар таудай игілікті іс тынады.

Қазақстанның оңтүстік облыстарында быыл қыс өте қатты болды. Арктиканың суық ауасы айлар бойы осы өлкеге орнап алып, солтүстіктің үскірігін, ақ боранын соқтырды. Қақаған аязды күндерде суықтық 41, 42 градуске жетті.

Алматыдағы ауа райын бақылап отыратын станцияның құрылғанына жетпіс бес жыл болған екен. Одан бұрын қандай суық болғаны белгісіз. Содан бері нақ быылғыдай қатты қыс болып көрген емес дейді, осы станцияның ғылыми қызметкерлері.

Міне, осындай кәрлі қыстан малды аман сақтап алып шығуға Сталин атындағы колхоздың пионерлері білек сыбана кіріскен болатын.

Осы аса игілікті істі, патриоттық бастаманы жеті жылдық мектептің пионерлер ұйымы бастады. Содан соң Сталин атындағы колхоздың пионерлері колхоз орталығындағы жетпіс қойды өз қамқорлығына алып, қыстан аман шығармақ болды. Ол жетпіс қойдың жыйырмасын мектептің қорасында, елуін бірден, екіден үйлерінде күтуге алды.

Мектеп директоры Тамара Анатольевна Переходько пионерлердің осы патриоттық ісін тым жақсы суреттеп берді.

— Аса қызық роман немесе тамаша дастан жазарлық цифрлар болмаса да, — дейді Тамара Анатольевна, — осы жетпіс деген цифрға

үңіле қараңызшы, үлкен өміріміздің сырын шертіп тұрған жоқ па...

\* \* \*

Өткен жылы декабрь айының орта кезінде пионер дружинасының жыйыны өткізілді. Бұл жыйында бұрынғы істің үстіне колхоз қойын және сыйыр фермасын қамқорлыққа алу мәселесі қаралды. Пионерлер, жыйынға — арнап шақырылған комсомолецтер мен мұғалімдер сөз сөйлеп, бұл игілікті бастаманы да бір ауыздан қостады. Жыйын шешімі мынау еді. «Колхоздың мал шаруашылығын өркендетуге көмектесу — әрбір пионердің патриоттық борышы. Сондықтан малды аман сақтау ісіне белсене қатыспаған бірде-бір пионер болмауға тиісті...»



Мұрат Нұрлыбаев өзі күтіп жүрген қозының қалай семіргенін байқап тұр.

Жыйынның қаулысын орындауға дереу кірісіліп, мал шаруашылығын қамқорлыққа алу жөнінде нақтылы жоспар жасалды. Сыйыр фермасына пионерлерден кезекші дежурный қойылып, бұл жұмыстың тәртібі белгіленді.

Игілікті іске бастаушы болған жас комсомолец, 7 кластың оқушысы Пашнин Борис үйінде бағуға 2 қой алды. Пионерлер Қадырова Мая, Шабиханов Саид, Данильченко Жанна, Құрбанова Мая, Нұрлыбаев Мұратай, Қадиев Шамил және басқалары әрқайсысы бір-бір қойдан алып, үйлерінде мәпелеп бақты.

Пионерлер колхоздан бағуға алған қойларын өте жақсы, күтіп семіртіп берді. Мектеп жанындағы арнаулы қорада бағылып, күтілген 20 қой да март айында түгін тартсаң майы шығатын семіз күйде колхозға қайта өткізілген.



Сталин атындағы колхоздың пионерлері қой фермасына көмекке келді. Суреттерді түсірген П. Редько.

Сыйыр фермасында мәдени-көпшілік жұмысын жолға қоюда пионерлер мен комсомолецтер көп жұмыс істеді. Айына үш рет қабырға газетін шығарды. Мал шаруашылығын өркендету жөнінде көптеген ұрандар жазды. 6 — кластың оқушысы Гаврина Лариса мал шаруашылығы жөнінде колхозшылар алдында бірнеше баяндамалар жасады.

Оқу отличнигі, пионер Нұрлыбаев Мұратай бүкіл пионерлердің ойын білдіріп: үкметтің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулысы бізді осындай игі жұмыстар істеуге баулайды, — деді.

Сталин атындағы колхоздың мүшелері қой фермасынан бес-алтылап арық қойларды бөліп алып бағыпты. Мектептен қой алып баққан пионерлер бұл жұмысқа да белсене араласқан. Неге десеңіз, олардың қай-қайсысы болса да өздері алған қойларын, әке-шешелері алған қойларымен қоса күткен. Сөйтіп, пионерлер осы қыста ұшан-теңіз қызмет атқарып, жүздеген қойды аман сақтап қалған.

Біз осы игілікті істі бастаушылардың бірі жас комсомолец Борис Пашнинмен әңгімелестік.

— Өзім бағуға екі қой алдым, әкем колхоздан бес қой алды. Жеті қойды өзім бағып, күтіп, қыстан аман шығардым, — дейді Борис. — Қойларды күн сайын жемдеп, екі рет суарып отырдым. Қойлардың жүнін жиі-жиі тазалап, жататын орнын күн сайын жайлап құрға-

дың және пионерлер үйлерінде баққан 50 қойдың тірідей салмағы апрель айында екі есе артқан.

Сталин атындағы колхоз мектебінің пионерлері өздерінің қолы жеткен табыстарын баянды ете отырып, келешекте де колхоздың мал шаруашылығын өркендету ісіне белсене қатыса береді. Бір топ пионерлер таудағы мал жайлымына барып, қойшыларға көмектеседі. Жас төлдерді қамқорлыққа алады. Ал енді пионерлердің екінші тобы колхоздың пішен шабу жұмысына көмектесті, көпшілік жұмысын ұйымдастырады, мал шаруашылығы жөнінде баяндамалар жасайды, ұрандар жасады, жауынгерлік листоктар шығарып тұрады.

Жас малшылардың аудандық жыйынында пионерлер бүкіл республика пионерлеріне арнаулы хат қабылдады. Бұл хатты жазуға Сталин атындағы колхоздың пионерлері бастаушы болды. Аудан пионерлері мал шаруашылығына қамқорлық алып отыр. Әсіресе, жас төлді аман сақтау жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қазірдің өзінде іске білек сыбана кірісті.

Сталин атындағы колхоз пионерлерінің мал өсіру ісіне қосқан үлкен үлесі республика пионерлеріне үлгі боларлық іс.

С. ОМАРОВ.



Бұл қозыны Рая Қадырованың өзі күтіп, өсіріп келеді.

# УЛЫ ЖОСПАР

## ЭЛЕКТРЛІ РОССИЯ

— Жау бізбен бетпе-бет келіп тұр, ол бақайшағына дейін электр құралымен қаруланған...

Қарт большевик, инженер Кржижановский Советтердің Бүкілроссиялық сегізінші съезінде осылай деді.

Бұл азамат соғысының аяқталмаған кезі еді. Аштық, бүліншілік, жұқпалы ауру барлық жерде етек алып отырған кез еді. Сол ауыр кезеңнің өзінде де большевиктер Россияның болашағын жоспарлауды ұмытқан жоқ.

Кржижановский болашақ Россия туралы, электрлі Россия туралы сөйледі. Электр тамырларының елге қалай жайылатындығын, сол тамырларға үлкен-үлкен электр станциялары қуатты қалай құятындығын, ол қуаттардың заводтар салуға, поездар жүргізуге, қалаларды қалпына келтіруге қалай көмектесетінін айтты ол...

Кржижановский ұлы жоспар туралы баяндады. Ол: данышпан Ленин жасаған ГОЭЛРО жоспары еді.

Ағылшын жазушысы Герберт Уэллс бұл жоспарды Ленин утопиясы деп атады.

Оны утопия деушілер Уэллстен басқа да аз ба еді?

— Дүниеде таңғажайып ешнәрсе болмақ емес! — десті шетел газеттері. Мұның өзі, шынында да, таңғажайып іс сыяқты болып көрінуі мүмкін еді. Кржижановский былай деді:

— Аттың күші адам күшінен он есе артық. Америкадағы қозғауыш құралдарының кәзіргі жалпы қуаты 130 миллион аттың күшіндей бар. Бұл бір миллиард үш жүз миллион адамның күшімен тең. Ал, революциядан бұрын Россияда 13 миллион аттық қана күш бар болатын, яғни ол Америка қуатынан он есе аз еді.

Советтік Россия патшалық Россияны қуып жетіп, басып озудан ғана тынбайды. Ол басқа елдерді де қуып жетуге тиіс.

Ол үшін электр құралымен қарулану керек. Осыны қалай орындауға болатынын съезде Кржижановский айтып берді.

Лениннің жоспарына сенбеушілер шетелдерде ғана емес, біздің өз ішімізден де табылды.

Кржижановский бұл туралы былай дейді:

— Ол адамдар маған: «Не айтып тұрсың өзін? Адам сүзектен, аштан, суықтан жаппай қырылып жатқанда, ірі электр станцияларын салмақсың ба? Сенің бұл соғып тұрғаның құрғақ қыял ғой?» деп шу көтерді.

Рас, бұл қыял еді. Бірақ, қыялдың да қыялы бар. Қайсы бір кезде істеуге жұмыс таппай, іш пысудан тұатын құрғақ қыялдар да болады. Гогольдің Маниловы да қыялдайтын. Ол отырып алып: шіркін-ай, баудың ішінен бір көпір салса, оның үстінде дүкендер ашып, сәудегерлерді отырғызып қойса, олар түрлі товарларды жайып қойып, саудасын жасап отырса, қандай жақсы болар еді, деп қыялдаушы еді.

Осыдан құрғақ қыялға салынушыларды — маниловшылар деп атайтын болған.

Жүзеге аспайтын қыялдар көп болады. Уэллс те айға ұшуды арман етті. Бұл үшін ол салмақ күшін бөгейтін бір арнаулы тетік табылса, деп қыялдады. Бізді жерден жібермейтін сол салмақ қой. Егер оның жерге тартқан күшін бөгейтін құрал болса, әрине, ұша беруге болар еді-ау, деп ол сәуегейлікке салынды.

Бірақ, мұндай құр қыялмен айға ұшып баруға болмайды...

Қыялдың екінші түрі бар. Ол ғылымға сүйенеді.

Лениннің қыялы осындай қыял еді, Оның күші де сонда болатын.

Лениннің қыялы халық күшіне, партияға сүйенген қыял болатын.

Сол себепті Лениннің жоспары жүзеге асты.

Ленин электрді орасан зор күш деп білді. Электр машиналарды қозғап жүргізумен ғана тынбайды. Ол капитализм құлдығынан құтылған, ерікті адамға жаңа, жарқын болашақты орнатуға көмектеседі.


Ленин осылай деп үйретті.

Сондықтан да Россияны электрлендірудің мемлекеттік жоспары — ГОЭЛРО — еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтірудің ең бірінші жоспары болды.

Еліміздің ең таңдаулы ғалымдары осы жоспарды жасаумен шұғылданды. ГОЭЛРО-ны жасау жөніндегі комиссияны Глеб Максимилианович Кржижановский басқарды.

Үйді неден салуға болатынын білмей тұрып, үй салуға кірісуге де болмайды. Сол сыяқты қолда не бар, не жоғын білмей тұрып, жоспар жасауға да болмайды. Ол жоспар емес, құрғақ қыял болып шығады.

Патшалық Россия өзінің байлығының қанша еке-



нін де білмеді. Россияның байлығы ұшан-теңіз болғанмен, бірақ пайдасы аз болып келді.

Мәселен өзендерді алайық. Ағысын адам билеген өзен — қуат қазынасы. Ал, қуат дегеніміз — барлық машиналардың қозғаушысы. Ол адамды ауыр еңбектен құтқарады. Ол халықтың байлық-дәулетін, Отанның күш-қуатын арттырады.

Бір аттың күші он адамның күшімен тең екенін еске алайық.

Еліміздің өзендері жылына 400 миллион аттың күшіндей қуат бере алатыны есептеліп шығарылған. Демек, бұл төрт миллиард адамның күшіне парапар.

Төрт миллиард адам! Кәзір жер шарындағы барлық адам — 2 миллиард. Ал, біздің өзендеріміздің бойындағы күш-қуат жете пайдаланылса, жер сыяқты екі планетаның адамы жабыла күш жұмсағанындай болар еді.

Мұндай күшпен елді жаңартып, дүниені өзгертуге де болады.

Озат ғалымдар мен инженерлер бұл сырды түсінген еді. Олар өзендерді бағындырудың жобаларын да жасады. Бірақ, жобалар жоба күйінше қала берді.

Кәзіргі уақытта совет ғалымдары еліміздің картасын бірнеше аудандарға бөлген. Оның әрқайсысында

белгілі бір байлық бар, сонымен қатар оның әрқайсысында жетіспейтін нәрселер де бар.

Айталық, бір ауданда шымтезек болса, көмір болмайды. Ал, екінші бір ауданда кен болғанымен, өзен болмайды, тағы біреуінде — өзендер көп болады.

Осындай аудандар бір-біріне көмектесуі қажет.

Отынның көп жерінде — бу электр станциялары, судың көп жерінде — су электр станциялары салынады.

Қоңыр көмір, шымтезек сыяқты арзан отындарды пайдалана, білу керек.

Электр қуатын беретін желілер тартып, станцияларды бір-бірімен ұштастыру қажет, сөйтіп, электр тамырлары еліміздің барлық түкпір-түкпіріне барып жатуға тиіс.

Негізгі байлықтарымыз зерттелінгеннен кейін, 15 жылдың ішінде отыз электр станциясын салу ұйғарылды. Бұл алғашқы адым ғана еді.

Советтердің сегізінші съезінде Ленин бұл ұлы жұмыстар жоспары жөнінде:

— Менің ойымша, бұл (электр станцияларын салу) партияның екінші программасы... — деді.

Иосиф Виссарионович Сталин өзінің Ленинге жазған хатында ұлы жоспар туралы:

— Нағыз біртұтас, нағыз мемлекеттік шаруашылық жоспарының шебер жасалған нұсқасы... деп жазды.

Съезд жоспарды қабылдады. Ол Россияның электрленуінің бастамасы еді.

## СТАЛИН ҚАЙДА БОЛСА — ЖЕҢІС СОНДА

Ұлы жоспарды орындау күресі басталды. Совет мемлекетінің көсемдері Ленин мен Сталин бұл күреске басшылық етті.

— Нақтылы іске тез кірісу керек, — деді Сталин.


Жұмыс басталды.

Еліміз уақытпен жарысып, оны басып озды.

Мұқтаждық көп болды: құрылыс материалдары мен машиналар, азық-түлік пен тұрғын үйлер, инженерлер мен техниктер жетіспеді.

Әрбір құрылыстың өзі ерлік шайқаспен алынатын қамал сыяқты болды.

Бірақ, большевиктер алмайтын қамал жоқ.



Алматының селендік ауданы, «Веселая жизнь» колхозында сыйыр осылай электрмен сауылады.

Ол бес жылдың ішінде еліміз революциядан бұрынғы Россияның жүз жылда бітіре алмайтын жұмысын тындырды.

Владимир Ильич қайтыс болғаннан кейін, оның ісін Сталин жүргізді.

Сталин қайда болса — жеңіс сонда. Миллиондаған совет халқы Сталиннің басшылығымен жеңіске жетіп, жаңа өмір орнатты.

ГОЭЛРО жоспары 1936 жылы үш есеге жуық артық орындалды.

1926 жылы Волховтағы электр станциясы салынып бітті.

1932 жылы Днепр станциясы жұмысқа кірісті. Сталин жолдас оны «совет халқының жемісі және мақтанышы» деп атады.

Жаңа Россия бұрынғы патшалық Россияны лезде басып озып, электр қуатын өндіру жағынан дүние жүзінде алдыңғы қатарға шықты.

## КОММУНИЗМ ОТТАРЫ

Сталин жолдас мынадай міндеттер қойды:

— Өнеркәсібімізді жыл сайын 50 миллион тоннаға жуық шойын, 60 миллион тоннаға жуық болат, 500 миллион тоннаға жуық көмір, 60 миллион тоннаға жуық мұнай өндіріп отыратын етуіміз керек. Тек сонда ғана Отанымыздың әртүрлі кездейсоқ оқыйғаларға ұшырамауы қамтамасыз етіледі. Бұл істі орындауға болады, біз оны орындауымыз да керек.

Шойын, болат, көмір, мұнай.

Бұл — жүздеген жаңа заводтар, мыңдаған километр жаңа темір жолдар — деген сөз.

Бұл — жаңа қалалар, табиғатқа жасалатын жаңа шабуылдар.

Бұл — электр қуаты үшін жүргізілетін жаңа күрестер. Электр қуатын сталиндік заманның ұлы құрылыстары — Отанымыздың өзендерінде салынып жатқан су электр станциялары береді.

Олар электр қуатын Совет Одағындағы 1950 жылы барлық станциялардан 25 есе көп береді.

Бірнеше жылдан соң Еділ мен Днепр жағаларында электр қуатының алып фабрикалары орнайды.

Жаңа станциялардың әрқайсысы электр қуатын Америкадағы ең ірі станциядан екі есе артық өндіретін болады.

Еділдегі электр станциялары алты жылда салынып бітеді. Куйбышев және Сталинград су электр станциялары ғана электр қуатын патшалық Россияның барлық станцияларынан он есе көп береді.

Электр қуаты өмірге бұрынғыдан да көп араласады.

— Коммунизм дегеніміз — совет өкметі және бүкіл елді Электрлендіру, — деген Лениннің данышпандық сөзі жүзеге асты.

Қуатты электр күшімен қаруланып алып, біз табиғатқа тағы да шабуыл жасаймыз.

Су — тек қуат беріп қоймайды. Су шөл даланы жандандырып, шөл далаға жаңа өмір әкеледі.

Кәзір Еділ мен Днепр қолға алынып отыр. Ендігі кезекте Сибирь өзендері тұр.

Сталиндік ұлы жоспар жүзеге асырылуда.

Еліміз коммунизм оттарының сәулесіне бөлене түсуде.

Б. ЛЯШУНОВ.



## ТЕЗ ЖҮГІРІШ, БИІККЕ СЕКІР

Әрбір пионер басқа балаларға тек отлично оқуымен, үйде ата-анасына жәрдемдесумен ғана емес, сонымен бірге тез жүгіретін, биікке секіретін, допты немесе гранатаны алысқа лақтыратын, шебер жүзетін озат спортшы ретінде үлгі болуы керек екенін еске түгуы тиіс. Міне, сол себептен де жазғы демалысты тек жәй демалуға ғана емес, спорттың түр-түрлерімен шұғылдануға пайдалану да керек.

Біз бұл әңгімеде шапшаң, әсем жүгіруге және батыл, биікке секіруге болатынын айтамыз.

Спортшы жүгіру немесе секіру техникасына жетік болса ғана тамаша табыстарға жете алады. Мәселен, Ілиясов өзінің бойынан 20 сантиметр жоғарыға секіреді, ал Қаракулов 100 метрге жолаушы поезінің шапшандығымен бірдей жүгіреді. Бұлар-спорт техникасын жақсы білу мен үздіксіз жаттығулардың арқасында туған табыстар.

Жуыққа жүгірерде екі қолды жерге таяп, тізені бүге өкшені жерге әдейі жасалған кішкене шұқырға тіреу керек. Мұны әрбір оқушы есте сақтауға тиіс. «Тыңдандар» деген команда берілгенде, денені сәл алға ауытқыт (1-сурет). «Марш» деген де алға шапшаң ұмтыл да екі аяқты көсіле, бойды бекіте, түзей қолды кезектеп ес. Шапшандықты үдете түсу үшін алғашқы 10—12 метрді өткеннен кейін денені алға беріңкірей, жиілете адымдап, аяқты қатты серпе жүгірген жақсы. Осы шапшандық жетер-ау деген кезде, аяқты алшағырақ тастап, денені бірте-бірте бекітіп, тура жүгір. Сонда дененің жүрісті бөгейтіп, қажетсіз бос теңселуі болмайды. Шынтақтан тік бүгілген қолды ұтылап ес. Көмбеге 2—3 адым қалғанда, лента көрмеге тез жету үшін еңкейе жүгір. Көрме яғный — жүгірудің шегі.

Жүгіріп келген соң бірден тұрып қалмай, жүрісті бірте-бірте бәсең-

детіп, содан соң азырақ аялдап демді терең алу керек. Тез жүгіріп үйренген адам, ұзындыққа да жақсы секіре алады.

Шапшаң жүгіріп үйрену үшін тек барлық қыймыл әрекетін мүлтіксіз орындау аз, оның үстіне аптасына 2-3 рет жаттығу қажет. Жүгіру де, түрлі жаттығулары да осы шапшаң жүгіру әзірлігіне кіреді. Аяқтың күшін дамыту және қыймылды тездету үшін адымды жыйылата жүгіру пайдалы. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру ұтымды болады.

Жіппен қарғып ойнап жүрген қыз балаларды көшеде көп көру-



ге болады. Жақынға жүгіруге дайындалғанда жіптен қарғудың көп пайдасы бар. Радио арқылы берілетін гимнастика жаттығуларын таянған үзбей жасап тұру әрбір жүгіруші пионердің ұшқырлауына көмектеседі.

Жүгіріп биіктен секірудің ең оңай әдісі — «аттап өту». Мұнда 7—8 метр жердегі, көрмеге жүгіріп келіп қыйғаштап секіреді. Алғашқы кезде секіретін көрменің биіктігі 100—105 сантиметрден артпасын. Секірудің барлық әдісін игергеннен кейін ғана, биіктікті біртіндеп өрлете бер.

Жүгіргенде алғашқы адымды асықпай, сабырмен, ал соңғы 3—4 адымды шапшаң, тез аттап жіпке тақап келгенде бір аяғыңмен қаттырақ серіп. Аяғыңды серіпкен кезде алдыңғы аяғыңды бауырыңа тартып, екі қолыңды көлбете қатты серме. Мұның өзі сені

биіктете түсіреді. Аяғыңды серіпкен кезде көрмеге ілінемін деп қорықпа. Себебі, сен қыйғаш жүгіріп келдің ғой.

Көрмеден асып бара жатып, ауада алға серіпкен аяқты тезірек арғы бетке түсіру керек. Алға жіберген аяғыңды төмен түсіргенде, шалқайыңқырау керек. Бұл да жақсы секіруге көмекші болады.

Жүгіргенде де, биіктіктен секіргенде де әрбір қыймылдың дұрыс орындалуын қадағала. Әр жаттығуда бұрын жіберген қатені қайталамауға тырыс. Секірумен шұғылданып жүргендерге жіптен қарғып ойнау, жоғарыдағы затты орында ұмтылып алу. Немесе жүгірген бойда іліп кету, я болмаса қарғып ілу осының бәрі пайдалы. Жаттығар алдында қолды және аяқты жақсы серпуді игеру үшін 2—3 рет қысқа адымдап, бір орында қарғуды қайталап отыру керек.

Тез жүгіруге және биіктікке секіруге талаптанған әрбір пионер, барлық жаттығуларды ықласпен орындауы керек. Ықласпен жасаған ұзақ жаттығулар жүгіруде де, секіруде де жақсы табысқа жеткізеді. Сонда ғана тез, әсем жүгіре аласың, биіктен батыл секіретін боласың.

Сабақ кезінде сәтсіздікке ұшырасаң, физкультура пәнінің мұғалімінен кеңес ал. Ол қыймылды орындаудағы жіберген қатені түзетуге кеңес береді. Оның үстіне сұрауларға хат арқылы Алматыдағы физкультура институты немесе техникумынан толық жауап алуға болады. Мұнда жеңіл атлетиканы жақсы білетін оқытушылар да көп. Бұл оқытушылардың көбі қазақ республикасының жақынға жүгіру, секіру және жеңіл атлетиканың басқа түрлерінің рекордшылары. Олардың кеңесі тамаша спортшылар болуларына көмектеседі.

**Б. МАҒАРЕНКО,**

Педагогика ғылымының кандидаты, доцент.

## ПАК ДЕН АЙ

Алыс қыйырдағы әйгілі әйел — Пак Ден Ай туралы жер жүзіне сүйсінерлік әңгіме тарады. Пак Ден Айдың өзінің сүйікті Кореясын азат ету үшін шеккен ерлік істері жайында және жер жүзінде бейбітшілікті нығайту жолындағы күрестері жөнінде ғажап әңгімелер естуге болады...



Пак Ден Ай.

Біздің елдің Кореяда болып қайтқан тілшілері Пак Ден Ай туралы тіпті ертегідей қызық әңгіме шертеді.

... Осыдан бірер жыл бұрын, Солтүстік Кореяның астанасы Пхеньянда таң-тамаша бір көрініс болды. Июнь айының жарқын күндерінің бірінде Пхеньян қаласының Ким Ир Сен атындағы алаңына әсем киінген жастар лек-лек болып, масайрап шығады. Алаңға шыққан өрім жас өрендер секілді, айнадай таза аспанда, қаптаса қанат қаққан аппақ кептерлер пайда болады. Алаңдағы қалың жұрт қарай қалса-ақ, кептерлерді әдейілеп ұшырған жастар екен.

Аспанға ұшқан азат кұстардай азаттық туын көтерген сол кептер түсті ұландарды сүйсіне қарағандардың ішінде ақ көйлекті, аласа бойлы бір әйел ерекше ынтыға, құлшына қарап тұрады.

Әуеде шырайналып әсем ұшқан ақ кептерлердің бірі самғап келіп сол аласа бойлы әйелдің ыйығына қона қалады.

Алаңдағы жұрт аңыз боларлық бұл уақытқа сүйсініп, ду қол соғады. Қолына ақ кептер қонған аласа бойлы әйел айбынды, еркін даусымен:

— Жасасын бейбітшілік! Жас достарым, бейбітшілік үшін күресіңдер! — деп жар салады.

Осы ақ кептерлі, аласа бойлы әйел — Пак Ден Ай еді.

— Жас достарым, бейбітшілік үшін күресіңдер! Бұл айбынды ұранды ол қолына жылқұсындай ақ кептер келіп қонғандықтан айтқан жоқ еді. Және де Пхеньян халқының азаттық күреске өр кеуделерін көтерген өрен жастары аласа бойлы әйелдің сөзіне қол шапалақтап қошемет көрсетуі — оның қолына сол ақ кептер кел қонғандықтан емес еді.

Бейбітшілік қорғаудың ұлттық комитеті председателінің орынбасары, Кореяның демократиялық әйелдер Одағының жетекшісі Пак Ден Айды бүкіл корей халқы бұрыннан ардақтайтын. Азаттық бейнесіндегі ақ кептер туралы ғана емес, сүйікті Пак Ден Айдың өмірі мен ісі жөнінде корей халқы аңыз боларлық әңгімелер шертетін. Кәзірде әлемге атағы әйгілі, егде тартқан, аласа бойлы Пак Ден Айды — бала күнінде көршілері — кішкентай Ден Ай деп атайды екен. Ден Ай Кореяның ең солтүстігінде Хан Гиен Покдо деген жерде туады. Әкесі Цой сол жердің ежелгі кедей шаруасы екен. Ден Айдың жас өмірі ауыр азапқа душар болды. Ол кезде Кореяны жапон капиталистері билеп-төстейтін, жапон шапқыншылары Кореяның жер байлығын сүліктей сорумен және ел еңбегін аяусыз қанаумен тынбай, бостандық сүйгіш халықтың арына, ой-сана-сына зәбір тигізіп бақты. Корейлерге: — өз тілінде сөйлеме, жапонша сөйле, өзіңе еңбек етпе, жапонға еңбек ет! — деп тепсінді самурайлар. Намысқой қыз Ден Айға бұл жағдай шыдамастық қорлық болып көрінді. Жас қыз жалынмен күреске ұмтылды. Жапон басқыншыларына қарсы жасырын күреске жастайынан кіріскен Ден Ай еліне тез таныла бастады. Бірақ, оның жұрт білетін аты Цой Ден Ай емес; Пак Ден Ай болады. (Пак — жасырын саяси күрес жүргізу жолындағы құпия аты).

Күрестен тайынбайтын, халқын жанындай сүйетін Пак Ден Ай әрі өткір, әрі алғыр тілмен ел жүрегін тез ұйытатын еді. Заводтарда, қарапайым бұқара арасында халықпен тығыз байланыса біледі. Жауыз жапон капиталистерінің қытымыр тәртібінен, тіміскі бақылауынан жасырын іс жүргізген шақтарында қажырлы тыңдаушыларына тамаша ертегілер шертеді екен. Гүлденетін бақшалар, ертегілі армандар жайлы айта келіп, ол ертегісінің ақырын сондай армандарына жеткен, гүлденген бір ел бар — ол біздің ұлы көршіміз — деп бітіреді екен. Сол әңгіме үстінде саяси өткір сөздерімен Пак Ден Ай халқын азаттық күресіне көтерілуге үгіттейді. Аласа бойлы әйелдің жалынды үгіті — жапон империалистерін шошыта бастайды. Жапон полициясы 1935 жылы Пак Ден Айды өзінің революционер ерімен бірге тұтқынға алады. Азаттық дұшпандары қазған сол қараңғы тар қапаста Пак Ден Ай кейін де ұзақ уақыт қысым көрді.

1945 жылы, айбынды Совет Армиясы Солтүстік Кореяны жапон басқыншыларынан азат еткенде, Пак Ден Ай да қапастан азат болды. Халқын шексіз сүйген, халқының азаттығын аңсаған қайсар әйел, сол халық азаттығын сақтау күресіне қайтадан құлшына ұмтылды. Кореяда демократияның гүлденуі үшін, бүкіл елдің азат болуы үшін Пак Ден Ай ерлік күреске түсті. Пак Ден Ай Солтүстік Кореяда балалар бақшасын ұйымдастыру ісінен бастап, бүкілхалықтық мемлекеттік істерге дейін белсене араласты.

Кореяның солтүстігін совет жауынгерлері азат еткенде, оның оңтүстігінде екінші бір зұлым жау пайда болды. Ол жау — американ империалистері.

Патриот Пак Ден Ай — Америка басқыншыларының Корея халқын әлекке салғандығына шыдағысы

келмеді. Америка төрелерінің деуімен сатылғыш Ли Сын Ман Солтүстік Кореяға қарай шабуыл жасағанда Пак Ден Айдың зығырданы қайнады. Пак Ден Ай өзінің отты сөздерімен корей халқын американ шапқыншыларына қарсы күреске шақырды. Ол корей әйелдерінің демократиялық Одағын құрып, әйелдерді жауынгерлік іске жұмылдырды.

Американ самолеттері Солтүстік Кореяның қала мен селоларын аяусыз отпен өртеп жатқан кезде осы қайсар пішінді, аласа бойлы әйелді—апатқа ұшыраған аналар мен балалар арасында, немесе жауынгерлерге жылы киім жіберу қамындағы әйелдер арасында, күрс жарылған бомбы астында жараланып қалған жауынгерлер арасында көруге болар еді.

Американ империалистерінің Кореядағы айуандық, бүлдіргіш әлегі, қанішер сойқаны жантүршігерлік. Пак Ден Ай—Американ қарақшыларының сол зұлымдық қылмыстарын тексеретін комиссияның мүшесі болып қанды майдан жосаларын кезді. Ол басқыншы сұмдардың әлегінен ойран болған қалалар мен селолардың орнын өз көзімен көрді, көрді де бұрынғыдан да ашына, кектене түсті.

Империалистер тұтатқан соғыс өртінен тітіркенген Пак Ден Ай сонымен қабат барлық елдерге бейбітшілік болуын аңсады. Пак Ден Ай Стокгольм үндеуіне қол қоюға өз халқын үгіттеді. Пак Ден Айдың шақыруы бойынша ересек халықтың 98 проценті Стокгольм үндеуіне қол қойды. Сонда да Американ империалистері Кореяда соғыс өртін өршіте түсті, бостандық сүйгіш корей халқына қанқуылы қастығын тоқтатпады. Ызалы, кекті Пак Ден Ай—американ қарақшыларының жауыздық сойқандарын дүние жүзіне паш етіп және бүкіл жержүзінің халықтарын бейбітшілік күресіне шақырып, халықаралық бір неше ұлы жыйындарда тебірене сөз сөйледі. Аласа бойлы, өр ойлы әйел Пак Ден Ай—Азия елдері әйелдерінің конгресінде, әйелдердің дүниежүзілік демократиялық советінің Прага мәж-

лісінде, Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік Бірінші конгресінде бейбітшілік пен демократияны қорғау туралы жалынды сөздер сөйлейді. Өткен жылдың ноябрь айында өз елінің азаттығы үшін ерлік күрес жасап жатқан айбынды халқының атынан Пак Ден Ай Бейбітшілікті жақтаушылардың жержүзілік екінші конгресіне—Варшаваға барды.

Майдан өртінен жалындап келген аласа бойлы Корей әйелі өзінің отты және ақиқат сөздерімен жыйындағы күллі халық өкілдерін тебрентті. Американ империалистерінің айуандық әрекеттерін кекпен айта келіп, Пак Ден Ай:

—Корей халқы бейбітшілік күресіндегілердің алдыңғы қатарында болғандығын мақтан етеді. Біз жеңеміз!.. Бейбітшілік соғысты жеңеді!—деп бүкіл дүние жүзіне сенім даусын тастады. Пак Ден Айдың жалынды сөзі дүниенің төрт бұрышынан жыйналған делегаттардың,—сан алуан халықтардың ардақты өкілдерінің жүректеріне ыстық леп берді. Сөзіне сүйсінген делегаттар Пак Ден Айдың корей халқының аяулы қызын қолдарымен көтеріп, залды жара алып өтті, қалың жыйын Пак Ден Айды қошаметтеп, үй жаңғырта ду қол шапалақтады.

Пак Ден Ай өршіл сеніммен өз еліне, бейбітшілік күресіне қайта аттанды. Жуықта Пак Ден Айға—Бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлығы лауреаты деген атақ берілді.

Жауынгер Корей халқының ержүрек қызы Бейбітшілік күресінің айбынды күрескері Пак Ден Айдың атын бейбітшілікті сүйгіш совет халқы аса зор құрметпен атайды.

Корей халқы Америка империалистеріне қарсы ерлік күрес жүргізгеніне бір жыл толды. Батыр халық ауыр ұрыстарда қаһармандықтың асқан үлгілерін көрсетті. Бостандық үшін, бейбітшілік үшін күресуші Корей халқы жеңеді.

Қ. БЕКХОЖИН.



## Ж А Н Д А Б І Т А Н Т А Р

*Қазақтың көркем әдебиеттік мемлекеттік баспасы көптеген кітаптар басып шығарды. Қазір бұл кітаптар жұртқа тарала бастады. Балалар, сендердің жазғы демалыста оқуларыңа мына төмендегі кітаптарды ұсынамыз.*

**Абай.** Ғылым таппай мақтанба. Бұл кітап қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың балаларға арналған өлеңдерінен құралған. Жыйнаққа Абайдың жастарды тәрбиелеуде маңызы күшті, балаларды достыққа, еңбекке, ғылымға баулыттын «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» сыяқты өлеңдері кіргізілген.

**Сыйлық,** (әңгімелер мен өлеңдер). Қазақстан жас ақын-жазушыларының мектеп өмірінен жазған әңгіме-өлеңдері.

**А. Фадеев.** Краснодар үстіндегі жалау. Ұлы Отан соғысы кезінде неміс-фашистер басып алған жерде комсомолецтердің жүргізген астыртын жұмысы туралы баяндайды. Советтер Одағының Батыры Олег Кошевой бастаған Краснодар комсомолецтерінің «Жас гвардия» атты ұйымының ерлік істері суреттелген.

**Бичер Стоу.** Том ағайдың лашығы. Негрлер тұрмысынан алынып жазылған. Негр халқын менсінбей қарайтын, оларды—«қара халық», деп кемітіп, өздерін жоғары қоятын «ақ нәсілдің» адамдарын әшкерелейді. Негр халқының өжет қайраты мен қайрымдылығы суреттеледі.

**А. Мусатов.** Темір қазық. Деревня балаларының өмірі, мектеп тұрмысы, колхоз шаруашылығындағы қолқабысы баяндалады.

**Л. Кассиль.** Қымбатты балаларым. Ұлы Отан соғысы кезінде Севастопольды қорғауға қатынасқан жас моряктар туралы жазылған. Жас пионерлердің жауға қарсы жүргізген ерлік істерін баяндайды.

**В. Раковская.** Ленинградтан келген балалар. Ұлы Отан соғысы кезінде эвакуацияда болған балалар мен оларға жасалған мемлекеттік қамқорлық, совет халқының бауырмалдығын баяндайды.

**Е. Кошечая.** Ұлым туралы әңгіме. Краснодар қаласын неміс-фашистер басып алған кезде, комсомолдардың «Жас гвардия» атты астыртын ұйымын құрған, кейін фашистердің қолынан қаза тапқан Олег Кошевойдың балалық шағы мен мектептегі өмірі туралы повесть.

**В. Губарев.** Павлик Морозов. Социалистік құрылысқа қарсы астыртын әрекет жүргізген халық жауларын әшкере етіп ұстап берген пионер Павлик Морозовтың ерлік ісі туралы баяндайды.

**А. Кононов.** Чапаев туралы әңгімелер. Азамат соғысының батыры Чапаевтың соғыстағы өмірі мен ерліктері туралы әңгімелерден құралған. Кітапқа Чапаевтың жауынгерлері мен қатысы, халқына шын берілгендігі, ерлік ұрыстары туралы баяндайтын әңгімелер кірген.



## АЛАТАУ СЫЙЫРЫ

Қазақстан сыйырының ішінде кәзір бір жаңа тұқым бар. Ол алатау сыйыры. Бұл таулы жерге бейім, асыл тұқымды сыйыр. Сыйырдың бұл тұқымы совет ғалымдарының игі еңбегі арқасында ғана біздің елде тұңғыш рет пайда болды.

Алатау сыйырын өсіру 1930 жылдан басталды. Бұл ғылыми жұмыс Оңтүстік Қазақстанда, күнгей Алатау төскейінде және Қырғызстанның «Аламедин» совхозында бірдей жүргізілді. Ол үшін Кострома облысынан асыл тұқымды бұқа әкелініп, жергілікті сыйырмен будандастырылды.

Жергілікті сыйырлар таулы жерлерге өте бейім, оның ауа райына, жер, су жағдайына төзімді келеді. Ал, басқа жерден әкелінген бұқаның артықшылығы ірі, күшті еді.

Сөйтіп озат Мичурин біліміне сүйенген ғалымдар мен тәжірибешілер осы екі жақсы қасиетті дамыту ісімен ерінбей шұғылдана берді. Олар жемдеу әдісін өзгертумен төлдің өсімталдығын тездетті. Ол үшін бұзау табының үлкен сыйыр табынынан бөліп, бұзауды сүтпен қолдан қоректендірді. Осының арқасында бұзаудың салмағы күн сайын артты. Жылма-жыл осылай күтіліп жақсы жетіле түскен будандар саны көбейе берді. Бұл будандардың

өзіндік ерекше қасиеті жыл сайын айқын көріне түсті.

Асыл тұқымға анық қосылатынын көрсеткен бұл буданды республика тәжірибешілері де көптеп өсірді. Соңғы жылдарда бұл жаңа тұқымды сыйырдың саны бір Қазақстанның өзінде 15 мыңнан асты.

Алатау сыйыры әрі етті, әрі сүтті келеді.


Атақты сауыншы Шакен Ахметжанова әрбір сыйырдан сауын маусымында орта есеппен, 1949 жылы 5685 литрден ал, 1950 жылы 6350 литрден сүт алған. Алатау сыйыры сүтінің майлылығы да жоғары, орта есеппен алғанда сүттің 4,25 процентті май. Алатау сыйырының кейбірінің тірідөй салмағы 549 килограмға жетеді.

Бұл жаңа тұқым-алатау сыйыры кәзірде Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарында көптеп өсіріліп отыр.

Бұл таулы жерге бейім сыйырдың етті, сүтті тұқымын өсіруге еңбек сіңірген А. С. Всяких бастаған бір топ ғылыми қызметкерлерге, тәжірибелі малшыларға быйыл Сталиндік сыйлық берілді.

**А. ЕСЕНЖОЛОВ,**

Сталиндік сыйлықтың лауреаты, биология ғылымының кандидаты.



Алатау сыйыры.

## ЖАЙҚАЛҒАН БАҚ ЖАС ШЫБЫҚТАН ӨСЕДІ

Бұл Талдықорған облысы Октябрь ауданындағы бау-бақшалы мектептің бірі.

Қоңыр өлең жеті жылдық мектебінің жақсы дәстүрі бар. Ол жыл сайын мектеп төңірегіндегі бақшаны көріктендіре және үлкейте түсу үшін көктем келгенде жаңа жеміс ағаштарын отырғызу.

Быйылғы көктемде де солай болды. Бүкіл мектеп оқушылары алаңға жыйылды. Қызу іс басталды. Біреулер жер қазды, екіншілер шұңқырдың түбіне қорда төседі, үшіншілер алма, өрік, шие, талмен үйеңкі шыбықтарын қалады.

Бақшаның жаңа қосылған бөлігіне мал тиместей етіп сыртынан қоршаулап шеңгел тікендері отырғызылды.

— Өткен жылы 500 ғана түп қосып едік. Быйыл өндіріп жібердік білем, — деді пионер Құлжан Асқарбекова.

— Әр оқушы, әр пионер 20 түптен отырғызсақ әрине.

Терін сүртіп, күрегің быйғына салып, қайтып жатқан Сқақ пен Тасяны, Ажар мен Құлжанды қуып жеткен аға вожатый Мария Доценко оларға былай деді:

— Балалар, бүгін біз 1200 түп жеміс ағашын отырғыздық. Келер жылы бақшамыз қандай үлкен болар екен!

Жайқалған бақ жас шыбықтан өседі. Біздің мектептің енді өзінің ботаникалық бақшасы болады.

**Р. НҮРШЕISOB,**

Октябрь ауданы.

### АҚ ЕШКІ

Жаңылмайды ақ ешкі  
Туады жылда егізден  
Колхозшыны сүйсініп:  
„Ферманың қуты“, —  
дегізген.

Ақ лағымды мәпелеп  
Енесін бүтіп, емізген.  
Жоңышқалы, мыялы  
Жайлауға жайып өргізем.

Колхозшыға қолқабыс  
Біз пионер — төлбасы.  
Өсе берер, көбейер  
Фермамызда мал басы.

**Қ. ШАПАҒАТОВ,**

Павлодар облысы Каганович ауданы, Сынтас мектебі.





## Мектептен хат



### ЖЫЙЫН ДОСТЫҚҚА АРНАЛДЫ

Звено кезектегі жыйынға алдын ала әзірлік жасады. Әр пионер бұған қызу әзірленді. Жыйын достық туралы болды. Пионер Құрман Райханов Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты» романы туралы өз пікірін айтып шықты.

Будан кейін пионерлер өздері оқыған кітаптарында достықтың қалай бейнеленгені, алған әсері жайында айтты. Олардың кейбіреулері достықты қалай түсінетінін, өзара қалай достасып жүргендерін және жолдастық көмектерінің фактыларын ортаға салды. Сонымен қатар достықты жақсы ұқпайтын жеке жолдастарын пионерлер батыл сынады.

**М. ҚҰРМАНШОВ,**

Жуалы ауданы, Кеңес жеті жылдық мектебінің оқушысы.



### МЕКТЕП СПОРТШЫЛАРЫ

Спорт өте қызықты өнер ғой. Бұл іспен біздің мектептің оқушыларының көбі шұғылданады. Олар үлкен коллективке айналып отыр. Мәселен, ер балалар спорт коллективінде 45 оқушы, қыз балалар спорт коллективінде 12 оқушы бар.

Жас спортшылар өз өнерлерін күнбе-күн дамыта отырып, әрдайым түрлі ойындар көрсетіп тұрады. Олар ауыр және жеңіл атлетикалы ойындарды, пирамида жасауды жақсы игерген.

Спорт біздің ауыл тұрмысына жақсы сіңіп алған. Спорт десе, колхозшылар сауық кештен қалмайды. «Бұл өзі өте қызықты іс екен ғой. Жас шағымызда біз мұны білмедік қой», — дейді олар балаларының өнерін сүйсіне көріп.

Біздің жас спортшылар жазғы демалыста өздерінің бұл өнерін дамыта түспек.

**Е. НҰРМАНОВ,**

Маңғыстау ауданы, Қуйбышев атындағы мектептің оқушысы.



### «ЖАС ФИЗИК»

«Жас физик» — біздің мектептегі үйірме газетінің аты. Бұл газет оқу жылы бойы айына бір рет үздіксіз шығып тұрды. Оның бетінде физика туралы түрлі қызықты әңгімелер, физика ғылымының соңғы кездердегі табыстары, физик-оқымыстылардың еңбегі туралы материалдар, физикалық есептер мен сурақтар жарияланып отырды.

Жас физиктердің 24 оқушыдан құрылған бұл үйірмесі тек газет шығарумен ғана қанағаттанып қалған

жоқ. Олар айына екі рет сабақ өткізіп тұрды. Бұл сабаққа үйірме мүшелері әзірлікпен келіп отырды. Физикалық саналуан құбылыстарды осы сабақ үстінде талқылау әдетке айналды. Таяуда болған сабақтарда «электр жайындағы алғашқы мағлұматтар» жайында VII класс оқушысы Әлжанов, «Архимед заңы» деген тақырыпта VI класс оқушы Есқаиров баяндама жасады. Оқушылар бұл баяндамаларды қызыға тыңдады, жолдастарының жақсы дайындалып келгені оларды сүйсіндірді.

Үйірме физика пәнін жақсы үйренуге, емтихан мен сынақтан олардың сүрінбей өтуіне көмектесті.

**З. САГИЕВ,**

Ойыл ауданы, Ақшатау мектебінің оқушысы.



### ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ

Біздің мектепте бір жақсы дәстүр бар. Бұл дәстүр жылдан жылға кең өріс алып келеді. Ол — сабақты жақсы оқумен қатар, түрлі өнермен шұғылдану салты. Бұл өнерлердің ішінде бізде, әсіресе, өрнек салу ісі кең тараған. Бұл өнермен шұғылданып отырғандардың ішінен бірнеше жас шеберлер шықты. Мысалға Кабимолдина мен Шайымованы алуға болады. Бұлардың алғашқы шеберлік талабы жақсы нәтижелер беріп отыр.

Жақында мектепте жас өнершілердің өнерін көрсетіп көрме ашылды. Бұған неше түрлі тоқымалар, өрнектер қойылды. Солардың ішінде жоғарыда аты аталған екі жас шебердің қолынан шыққан заттар көрушілерді қатты сүйсіндірді.

**А. ЖАҚСЫБЕКОВ,**

Ақсу ауданы, Ақсу қазақ орта мектебінің оқушысы.



### БІЗДІҢ ҚОЛ ҚАБЫС

— Егіңге зиянды жәндіктерді құртуға біз әрдайым атсалысып отыруымыз керек, — деді мұғалім оқушыларға көктем шығысымен.

Оқушылар мұғалімнің бұл ұсынысын ду қостады. Демалыс күндеріміздің бірнеше сағатын осы игілікті іске арнадық. Өзіммен бірге оқыйтын Немес деген бала екеуміз саршұнақ

аулауды әдетке айналдырдық.

Бізге Қалес ағай (досымның ағасы) көп көмектесті. Ол қандай інге қақпан құру керектігін және қалай құруды үйретті, саршұнақты қай уақытта аулау керектігін айтты, інге су құюдың жолдарын көрсетті.

Біз алғашқы күндердің өзінде 15 саршұнақ ұстадық. Ауылшаруашылығына зиянды жәндіктерді құртуда біз бұдан былай да үлкендерге көмектесе бермекпіз.

**М. ЕРҒАЛПЕВ,**

## СЫМҒА ҚОНҒАН ҚҰСТАР

Электр сымдары тартылған бағаналарға қу бас пен айқышталған жілік суреті салынып қойылды. Бұл сурет сымдарға қол тигізуден адамдарды сақтандырады. Өйткені бұл сымдардың бойымен адамды өлтіре алатын күшті ток жүреді.

Бірақ сол сымдарға құстар қонып отыра береді, алайда ток оларды өлтірмейді. Өйткені тек сымды жерде тұрып немесе сым тартылған бағанаға шығып алып

ұстаған да қауіпті. Сонда ток дене арқылы жерге, бағанаға немесе екінші сымға өтеді де, адамды өлтіреді.

Ал, құстар сыңар сымға қонады: ток олардың денесінен өтпейді деуге болады, сөйтіп оны өлтірмейді.

Кейде құс қанатын қаққанда екінші сымға тигізіп алады, сонда ток оны қолма-қол өлтіріп жібереді.


## ЕҢ ЖОҒАРЫ ҰШАТЫН ҚАЙ ҚҰС

Құс жеті километр биіктікке көтеріледі. Мұны оқымыстылар кездейсоқ анықтаған. Бір астроном күндізгі ауаның көрінісін телескоппен қарап отырып, 7 километр

биіктікте ұшып бара жатқан топ тырнаны көреді.

6 километрге жететін Гималай тауынан асып ұшқан тырналарды көргендер де кездеседі.

## ҚАЙ ТРАГЕДИЯ



Балалар, мынау тақтайдың суретінен түрлі әріптер қыйып, сол әріптерден А. С. Пушкиннің қан-

дай трагедиясының атын жазып шығуға болады?

**А. ХАСКИН,**  
Москва.

## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1951 жылғы 3-санындағы «27 заттың» шешуі.

Кітап, трубка, электр шамы, қасық, құмыра, пышак, көзілдірік, сағат, қайшы, чайник, кілт, қарындаш, чашка, шанышқы, машина жіптің ағашы, пистолет, біз, утюг, үскі, графин, қаламұш, бұтылка, шам, үшбұрыш, транспортир, диск.

«Тұтқыйыл сұрақтардың» шешуі:  
1. Түс. 2. Жаңғырық. 3. Сағат. 4. Тарақан. 5. Солтүстік полюста. Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

О. Қонысбаев (Ақтөбе облысы), Қ. Құрманбаев, Е. Шалабаев (Қызыл орда облысы), Б. Көпжасаров (Қостанай облысы), Қ. Аяшқов (Батыс Қазақстан облысы).

Ж. Саин. Комсомолға	---
Балалық шаққа қыянат жасатпаймыз	2
Ғ. Орманов. Жартастағы жазу	3
М. Ғабдулин. Комсомол дәстүрі	4
Ә. Жұмабаев. Жас ғалым	7
Қ. Серікбаев. Отряд вожатыйы	9
Қ. Қасенов. Мен комсомол мүшесімін	10
М. Иманжанов. Бөбек (әңгіме)	11
Б. Уахатов. Сын (әңгіме)	13
М. Әлімбаев. Жемісін болса артыңда (өлең)	14
Т. Шонашев. Үй алдында майда тал	14
С. Омаров. Төл қамқоршысы	15
Б. Ляпунов. Ұлы жоспар	17
Б. Макаренко. Тез жүгіріп, биікке секір	19
Қ. Бекхожин. Пак Ден Ай	20
Жана кітаптар	21
Қ. Шалағатов. Ақ ешкі	22
А. Есенжолов. Алатау сыйыры	22
Р. Нұрпеисов. Жайқалған бақ жас шыбықтан өседі	22
Мектептен хат	23
Одан-бұдан	24



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (редактор) Қ. Айма-нов, Қ. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Дос-панова, Қ. Жармағамбетов, М. Иман-жанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор Н. В. Федоров.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 5/VI 1951 г. УГ04112. Бум. 84 × 108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 10 800 экз. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ № 978.

(Құрылғанына 5 жыл)

## ЖАСТАРДЫҢ АҚЫЛШЫСЫ

(М. И. КАЛИНИННИҢ қайтыс болғанына бес жыл толуына)

Балалар, сендердің көбің-ақ «Коммунистік тәрбие туралы» деген кітапты оқыған боларсыңдар. Ол кітапты жазған совет жастарының сүйікті досы және ақылшысы Михаил Иванович Калинин. Михаил Иванович өзінің ұзақ, өнегелі өмірінде жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлді, баға жетпес еңбек сіңірді. Ол кісі өмір бойы жастарға коммунистік тәрбие беру жұмысымен шұғылданып өтті.

М. И. Калинин жалынды насихатшы, саяси тәрбиеші болды. Ол жұмысшылармен де, шаруалармен де, қарттармен де, комсомол мүшелерімен де, пионерлермен де және мұғалімдермен де жүзбе-жүз көрісіп, олардың әрбірінің тілін тауып ықылас қоя әңгімелесіп отырушы еді.

Ол кісі совет жастарына данышпан Ленин мен Сталиннің ұлы өмірлерінен үлгі, өнеге ал деп үйретті. Совет жастарының қамқоршы әкесі кеменгер Сталин он бес жасында марксист болды, патша үкіметіне және капиталистік қоғамға қарсы шықты. Ол кісі Ленинмен бірге бүкіл еңбекші халықты патша үкіметіне қарсы күреске бастап, елімізде патша самодержавиясын біржолата құлатты, сөйтіп совет өкіметін орнатты. Көсеміміздің осындай тамаша өмірлері біздің жастарымызға үлгі, өнеге болуы керек деп үйретті, Михаил Иванович.

Михаил Иванович жас ұрпақтарымызға білім ал, саналы адам бол деп үйретті. Кімде-кім келешекте маман қызметкер болып шыққысы келсе, ол совет мектебінен өтуі керек. Мектеп-үздіксіз іске үйрететін және жүйелі білім беретін бірден-бір орын. Сондықтан біріншіден оныншы класқа дейін үзбей оқу керек. Орта мектепте адам істі жүйелі істеуге үйренеді және білімнің негізгі ірге тасын қалайды. Олай болса совет жастары орта мектеп білімін қанағаттанып қоймай, жоғары білім

алуға жалықпай, асқан жігермен ұмтыла беруі керек, деді Михаил Иванович.

Михаил Иванович жас шағынан бір сөзді, кішіпейілді болды. Ол кісі өзінің барлық ақыл-ойын саналы өмірін Социалистік Отанымызды нығайтуға, біздің көп ұлтты совет мемлекетінің күш-қуатын және туысқандық бірлігін нығайтуға жұмсады. Советтер Одағының барлық халқы оны өте жақсы көрді. Сол себепті М. И. Калининнің қайтыс болғанын естігенде совет елінің кәрі, жасы түгел қайғырды.



М. И. Калинин.

Еліміздің барлық пионерлері мен оқушылары өзінің ақылшы-устазы, сүйікті атасы Михаил Ивановичпен қоштаса отырып, оның өте жақсы оқындар, коммунистік қоғамның білімді, саналы құрылысшысы болындар деген есінетін орындауға ант етті.

Михаил Ивановичтің есімі — біздің Отанымызға жан-тәнімен қызмет етудің, оған берілгендіктің үлгісі. Оның есімі — Отанымыздың гүлдене беруі жолындағы күресте және коммунизм ісіне жапқырлықпен қызмет етудің өнегесі болып табылады. Сондықтан Михаил Ивановичтің ұлы есімін, жарқын бейнесін барлық совет адамдарымен бірге совет жастары жүректерінде мәңгі сақтайды.

Ж. БӨЛЕКБАЕВ.

Бұдан 30 — 35 жыл бұрын алыстағы қазақ аулының адамына «академия» деген сөзді айтса түсінбей, қандай аңырар еді.

Өйткені 98 проценті сауатсыз болған халықтың ол кезде ғылым мен техника ұйықтаса түсіне де кірмейтін еді.

Совет өкіметі жылдарында қазақ халқы да рухани шарықтап өсті. Ғылымның әр саласынан түрлі мамандар — қазақ интеллигенциясы оқып жетілді, қазақ ғалымдары өсіп шықты. Республикамызда мәдени революция жасалды. Ғылым қазақ халқының күнделікті рухани азығына айналды, тұрмысына сіңді.

1946 жылы Қазақстан тарихына жаңа бір келелі бет қосылды. Қазақ ССР Ғылым Академиясы құрылды.

Ғылым ордасы — академияның құрылуы қазақ халқының іргелі ел, дербес мемлекет болып өскендігінің айғағы. Республикамыз бұл табысқа Ленин — Сталин партиясының басшылығымен, орыс халқының, олардың озат ойлы оқымыстыларының күнбе-күнгі көмегі арқасында жетті.

Қазақ ССР ғылым академиясына алуан түрлі ғылым торабы тоғысады.

Ғалымдардың ғылыми еңбегі республикамыздың көркеюіне, халық шаруашылығын өркендету мүддесіне арналған.

Академияның жанында жас ғылыми кадрлар дайындайтын мекеме — аспирантура бар. Қазақ ССР Ғылым Академиясының аспирантурасын бітіріп, ғылыми дәреже алушылар саны жыл сайын өсіп келеді.

Академияда мыңнағ астам ғылыми қызметкерлер — ғылым докторлары мен кандидаттары және аспиранттар ғылыми жұмыс жүргізеді.


Олардың ішінде көрнекті ғалымдар: академик Қ. Сәтбаев, ғылым докторлары Г. Тихов, Ә. Бектұров, И. Галузо, Фесенков, М. Әуезов, Х. Жұмалиев, Н. Сауранбаев бар.

Кәзірде Қазақ ССР Ғылым Академиясы бейбіт өмір игілігінің күрделі-күрделі істерімен шұғылданады. Олар коммунизмнің ұлы құрылыстарына ғылыми зор көмек көрсетуде.



**Жорыққа  
керектілерді  
өзің жасап ал!**



**Компас**



**Котелок**



**Жорық сумкасы**



**Нәрсе салатын қапшық**

